

“ПОЛИЦИЯ – БИЛІК ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР...”

Еліміздегі құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Негізгі алқа мәжілісі биылғы жылдың 23 маусымына қабат келген мемлекеттік қызметшілер күні мен Полиция күні мерекесіне тұспа-тұс келді.

Кеңейтілген алқа мәжілісіне Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қатысып, сөз сөйледі.

“Қазір дүние жүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни, өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет”. Сол себепті алғаш рет алқа мәжілісіне құқық қорғау жүйесінің қызметкерлері, ардагерлерімен қатар орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, депутаттар, сарапшылар және белсенді азаматтар қатысты. Әрине күштік құрылымдарды жаңғыртуда жана буынның атқарар рөлі ерекше болғандықтан да академиялардың курстантары да жиында арнайы шақырылған.

Соңғы бес жылдан бері құқық қорғау барысында жақсы нәтижелер бар. Мәселен 2019-шы жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылық шамамен екі есе азайған. Қарақшылық, адам тонау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі 4 есе төмендепті. Кісі өлтіруге қатысты қылмыстар 30 пайызға кеміген. Отбасылық қылмыс та жыл басынан бері 30 пайызға төмендеген.

Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы көшенді жұмыс атқарылуда. Биылдың өзінде 83 есірткі зертханасы жойылып, айналымнан алынған есірткі заттарының көлемі 84 пайызға ұлғайды. Есірткі өндіргені үшін берілетін жаза қатаңдатылды. Тіпті, өмір бойы бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Дегенмен әлі де түйткілдер жеткілікті, шешілмеген мәселелер де аз емес. Бөрінен бұрын жастар нашақорлыққа үйір бола бастады.

Елімізде жемқорлыққа қарсы нақты шаралар қабылданып жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен сот арқылы жемқорлардан алынған қаражат мектептер салуға жұмсалуда. Үш жылдың ішінде 89 мектептің құрылысына 150 миллиард теңгеден астам қаражат бөлініп, 61 мектеп пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы жайларды айта келіп, құқық қорғау органдарына 4 міндет жүктеді.

Тоқаев сөзімен айтар болсақ: Біріншіден. «Заң және тәртіп» апталығы жарияланды. Біз “Заң және тәртіп”қағиатын жаппай дөріптеуіміз керек. Өскеден ұрпақтың бойына жасампаздық қасиеттерді сіңіріп, оларды тәртіпке баулу қажет. Бұл – ата-аналар мен білім беру жүйесінің ортақ міндеті. Балалар мектептен «Адал азамат» болып шығуы қажет.

Алдағы жеті күн құқықтық мәдениетті нығайтуға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының абырой-беделін арттыруға арналуы керек. Алайда, бұл бір реттік акция емес. «Заң және тәртіп» апталығына азаматтардың құқықтық сана-сезімін көтеретін маңызды, жүйелі шара ретінде қараған жөн.

МИНИСТРЛІКТЕ ДЕРБЕС БӨЛІМШЕ ҚҰРЫЛАДЫ

Екіншіден. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Қылмыс оған қолайлы жағдай жасаған жерде өршиді. Қылмыстың және заңға қайшы әрекеттердің салдарымен ғана күресуге болмайды. Қылмысқа түрткі болатын себептерді алдын ала анықтап, жойып отыру қажет.

Заңнамалық өзгерістермен қатар, ұйымдық құрылымды да жаңғырту қажет. Ішкі істер министрлігі жүйесінде профилактикалық жұмыстарды үйлестіретін дербес бөлімше құратын уақыт келді. Құқық қорғау органдарының тиімділігін бағалау жүйесіне де өзгеріс

қажет. Онда құқық бұзушылықты ескерту бағытындағы жұмыс нәтижесі есепке алынуға тиіс. Қылмысқа көбінесе тұрмысы нашар отбасыдан шыққан адамдар барады. Алдын алу шараларын жүзеге асырғанда дәл осы санатқа айрықша назар аударған жөн. Бұл ретте әлеуметтік қорғау органдары мен жергілікті билік маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллект пен «үлкен дерекқор» мүмкіндіктерін жұмылдыру қажет. Көп ұзамай іске қосылатын суперкомпьютерімізді осы мақсатта пайдалануға болады.

«Қауіпсіз қала» ұлттық платформасын іске қосу керек. Бұл – қаладағы бейнебақылау құралдары енді адамның бет-жүзін анықтап, оның жүріс-тұрысына талдау жасап, көшедегі көлікті де есепке алады деген сөз. Мұндай озық технологиялар түрлі заңсыздықтың алдын алуға мүмкіндік береді, сол арқылы қоғамдық тәртіпті нығайта түседі.

15 МЫҢНАН АСТАМ АДАМҒА АМНИСТИЯ ЖАРИЯЛАНДЫ

Үшіншіден. Быыл Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толады. Осыған орай, құқық қорғау құрылымдары,

басты дәнекер саналады. Әсіресе, бұл ауылдық жерде анық байқалады. Өйткені жергілікті тұрғындар үшін учаскелік инспектор – қорғаушы, құқықтық кеңесші, тіпті, әділдік сұрап жүгінетін соңғы инстанция. Менің ойымша, ауылдағы учаскелік инспекторларға шен берген кезде жеңілдік жасап, яғни бір жылдық еңбек өтілін 1,5 жыл деп есептеу қажет. Ауылдағы учаскелік инспекторларды баспанамен қамтып, материалдық-техникалық базасын нығайту керек. Өңір әкімдері осы мәселеге мұқият назар аударғаны дұрыс”.

Құқық қорғау органдарына артылған 4 міндет жүгі оңай емес. Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде оларға “Азаматтар мен бизнестен заңды талап еткенде, алдымен өздері лайықты үлгі көрсетуі қажет” делі.

Расында да, қоғамда құқық қорғаушылардың адалдығына, тазалығына сенбеушілік бары рас. Қайсыбір қылмыстық оқиғада тергеудің әділ болатынына күмән жетерлік. Күштік құрылымдар арасындағы әділдікті қамтамасыз ету, жемқорлықты азайтудың бір бағыты ретінде биылдан бастап еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі іске қосылды. Әсіресе

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ АДАЛДЫҚПЕН ӨЛШЕНЕДІ

Қызылорда облыстық Полиция Департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Оралбек Омаров:

- 23 маусым - ел ішіндегі тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп жүрген барлық полиция қызметкерлері үшін айрықша маңызы бар күн. Бұл - халықтың тыныштығын күзетіп, қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында жанқиярлықпен қызмет атқарып жүрген тәртіп сақшыларына алғыс пен құрмет білдіретін күн. Сонымен қатар бұл - қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан әріптестерімізді еске алатын тағылымды, қастерлі күн. Олардың ерліктері мен есімдері жадымызда мәңгі сақталады. Болашақ ұрпақ үшін бұл - нағыз ерлік пен Отанға адалдықтың үлгісі. Бүгінде өңірімізде ардагерлер ұйымына тіркелген 2 500-ден астам зейнеткер бар. Ал қызмет бабында ер-азаматтармен қатар 274 әйел маман да қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігі жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Бұл - ерекше жауапкершілікті қажет ететін салада кәсібіне адал жандардың қатарын көрсетеді. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Жұртқа жақын полиция» тұжырымдамасы аясында құқық қорғау жүйесінде халықпен ашық әрі сенімді байланыс орнатуға бағытталған реформалар жүргізілуде. Полиция қызметі - күнмен емес, ел алдындағы адалдықпен өлшенетін абыройлы міндет.



депутаттар мен құқық қорғаушылар сотталған азаматтарға рақымшылық жасау туралы бастама көтерді. Парламент тиісті заңды қадамы, мен бұл заңға қол қойдым. Осы ізгі шараның арқасында жазасын өтеп жатқан 15 мыңнан астам адамға амнистия жарияланды. Соның екі мыңнан астамы бостандыққа шығады. Қалғандарының жазас мерзімі қысқарады. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағандар ғана рақымшылыққа иіледі. Ең алдымен, әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға, яғни, баласы бар әйелдерге, егде адамдарға, көмелет жасына толмағандарға және осы санаттағы басқа да азаматтарға кешірім беріледі. Мұны жаза басқан жандарға жасалған нақты көмек, олардың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау деп түсіну қажет. Өп-Фарабидің сөзімен айтсақ, бұл – шын мәнінде қайырымды елге тән сипат.

УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРҒА БАСПАНА БЕРІЛЕДІ

Төртіншіден. Учаскелік инспекторлардың әлеуетін одан әрі нығайту қажет. Себебі олар іс жүзінде мемлекет мен қоғам арасындағы

аудан деңгейіндегі қызметкерлердің жалақысын көтеруге мүмкіндік болды. Үш жылдық тәжірибесі бар полиция жедел уәкілінің жалақысы 60 пайызға өскен.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай, есептеп қарасақ 842 азамат қызметтік міндетін орындау кезінде қаза болған. 4,5 мың адам жарақат алған. Енді Мемлекет басшысының тапсырмасымен мекемелік наградаларға қызмет бабында қаза болған қанжармандардың есімі беріледі. Сондай-ақ көшелер, құқық қорғау мекемелері де батырлардың атымен аталуы мүмкін.

Алқа жиыны барысында бес жылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген бірқатар ауылдардың ақсақалдары марапатталды. Демек, ел қауіпсіздігі, тыныштығы тек құқық қорғау қызметкерлеріне ғана емес, қоғамға тікелей қатысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Президент өкімшілігі, Қауіпсіздік Кеңесі бір аптаның ішінде құқық қорғау органдарының түйткілді мәселелерін түпкілікті қамтыған арнайы талдау жасайды. Ал, оның нәтижесін арнайы өтетін жиындан білетін боламыз.

шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Серік Айдарбекұлы мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ғалия Балтабекқызы арнайы түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Бірыңғай ваучер жобасының ережесіне сәйкес, жаңа платформа балалардың сабаққа белсенді қатысуын нақты тіркел, қаржыны ашық әрі тиімді жұмсауға ықпал етеді. Сонымен қатар, балалардың денсаулығындағы кінәраттығы, отбасының жалпы әлеуметтік жағдайы және баланың жас ерекшелігі толық ескеріліп, шығармашылық және спорттық үйірмелерге қатысу реттілігі әділ түрде жүргізіледі. Жаңа жүйе мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарды біріктіріп, қызмет көрсету сапасын арттырады.

«ҰЛТТЫҚ МЕДИА - ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев журналистерді алдағы Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен құттықтады. Ұлттық медиа – халықтың үні, ал журнализ жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.



- “Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін”, - деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ел бірлігін сақтау, тұрақтылық пен тыныштықты бағалаудың маңызына тоқталып, осы орайда журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктелетінін айтты.

- “Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез-келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте, сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені өзім көп оқимын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен таныспын”, - деді Мемлекет басшысы.

Президент отандық журналистика саласының дамуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Олардың қатарында Qyzylorda TV телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша “Ерен еңбегі үшін” медалімен наградталды. Әріптесімізді мәртебелі марапатқа ие болуымен құттықтаймыз!

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

СПОРТ КЛУБТАРЫ ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҚАРЖЫ БЕРМЕЙДІ

Спорт клубтарын бюджет есебінен қаржыландыруға лимит енгізіліп, шетелдік спортшыларды қолдау алынып тасталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 15 сәуірде қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң 16 маусымнан бастап күшіне енді.

– «Біз ең алдымен отандық спортшылардың тиісті деңгейде дайындалып, жоғары жетістіктерге жетуіне жағдай жасағымыз келеді», – дейді Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов.

Сондай-ақ заң аясында кәсіби спорт клубтарын ұстауға мемлекет тарапынан қаржыландыру лимиті белгіленді. Бұл шара бюджет қаражатын тиімді әрі ашық пайдалануға, клубтарды қосымша

Балаларды, жасөспірімдерді футболға қызықтыру арқылы лудомания, нашақорлық мәселесін біршама шешуге болады. Осы салаға жауапты министрлік, Футбол федерациясы, жергілікті атқарушы органдар, кәсіпкерлер клубтық футболды коммерциализациялауға нақты кірісуі керек. Клубтар облыстық бюджеттерге ғана арқа сүйемей, шетелдердегі секілді өздері де табыс табуы үйренуі керек. Сондықтан мен кәсіпкерлерді клубтық футболға бизнес ретінде қарауға шақырамын. Футбол клубтары жекеменшікке өтпей, іс алға баспайды. Бұл – әлемдік тәжірибе. Клубтар жекеменшік болса, шетел спортшыларын шақыру құқығына ие болады.

Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дөріптеу – ұлт саулығының кепілі.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың ІҮ-ші отырысында сөйлеген сөзінен

Зандағы негізгі жаңалықтардың бірі – Қазақстан Республикасының азаматы емес спортшыларды мемлекеттік бюджет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландыруға тыйым салу. Бұл норма ел азаматтарының спорттағы және қаржылық қолдаудағы басымдығын қамтамасыз етуге бағытталған.

қаржы көздерін іздеуге ынталандыруға және мемлекеттік бюджетке тәуелділікті азайтуға бағытталған.

Жаңа нормалар спорт саласында тұрақты әрі тиімді қаржылық модель қалыптастыруға ықпал етеді. Ендігі кезекте бұқаралық спортты дамытуға, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріне қолдау көрсетуге және жоғары жетістіктер спортын ілгерілетуге басымдық берілетін болады.

АЛАҢ ТӨСЕНІШІ ЕУРОПАДАН КЕЛЕДІ

Бүгінде Жалағаш ауданында 200-ге жуық жасөспірім футболмен тұрақты түрде айналысуда. Енді олар заманауи талаптарға сай жабдықталған жасыл алаңда жаттығып, кәсіби шеберліктерін жетілдіруге мүмкіндік алады. Өйткені ауданда бұқаралық спортты дамыту бағытында маңызды қадам жасалды.

Елімізде футболды дамытуға баса мән беру керек деп санаймын. Демеушілер қаржысы есебінен облыстық стадиондардың көпшілігін жаңғырту қажет немесе жаңа футбол стадиондарын салуды қолға алған жөн. Бұл мәселені бақылауда ұстаймын. Әрбір облыс, аудан орталығында, кент пен ауылда балаларға арналған футбол алаңы болуға тиіс. Бұл – алдағы екі жылдың міндеті. Оның орындалуын тексереміз. Сонда ғана біз бүкіл әлемге танымал әрі әлеуметтік, бұқаралық спорт саналатын осы ойынды жаңа деңгейге көтере аламыз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың ІҮ-ші отырысында сөйлеген сөзінен

Жалағаш ауданы әкімдігімен Қазақстан футбол федерациясы әріптестігі байланыс орнатып, екіжақты меморандумға қол қойылды.

Аталған құжат аясында Жалағаш кентіндегі орталық стадионның жасанды жасыл алаңы УЕФА-ның «Алап» жобасы негізінде қайта жаңғыртылады. Бюджетке салмақ салмай, сыртқы қаржы көздері есебінен жүзеге асатын жобаның жалпы құны 180 млн. теңге құрап тұр. Алаң төсеніштері Еуропадан арнайы жеткізіліп, жұмыстарды тәжірибелі мамандар атқарады. Құрылыс жұмыстары жақын күндері басталып, жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

ХАБАРЛАНДЫРУ ӘСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ҚАМТУ САЛАСЫН ҚАРАУ ТУРАЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІ ҚАРАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - *Кодекс*) 55-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – *ЭТРМ*) стратегиялық экологиялық бағалау (бұдан әрі – *СЭБ материалдары*) жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Есет Батыр ауылын дамыту және салу схемалары (шағын елді мекеннің бас жоспарының оңайлатылған нұсқасы)»
- «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай Батыр ауылын дамыту және салу схемалары (шағын елді мекеннің бас жоспарының оңайлатылған нұсқасы)»
- «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық елді мекенінің топографиялық түсірілімімен даму және құрылыс салу схемалары (оңайлатылған бас жоспары)»

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «KazGeoSaulet» ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: «Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

СЭБ әзірлеуге жауапты: «Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Бас жоспардың іске асырылуы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ бойынша есепте құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) сізде Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2025-2040 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2025 жылғы 09 шілдеге дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2025 жылғы 09 шілде).

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8. Экологиялық саясат департаменті
Тел. 8 (7172) 74-08-90, 74-02-83
е-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz, b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде эл-эктронды мекен-жайға жіберуге болады. Министрлік Кеңесінің мекен-жайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кеңседе +77172/74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭБ бойынша материалдар орналастырылған:

Министрліктің сайтында («қызмет» бөлімі – «Нерізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)
<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash/press/events/1?lang=ru>

ОБЪЯВЛЕНИЕ О РАССМОТРЕНИИ СКРИНИНГА ВОЗДЕЙСТВИЯ

ОБЪЯВЛЕНИЕ О РАССМОТРЕНИИ СФЕРЫ ОХВАТА ОТЧЕТА ПО СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОЦЕНКЕ

ОБЪЯВЛЕНИЕ О РАССМОТРЕНИИ ОТЧЕТА ПО СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОЦЕНКИ

В соответствии с пунктом 6 статьи 55 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - МЭПР), для проведения стратегической экологической оценки поступили следующие документы (далее - материалы СЭО):

- «Схемы развития и застройки (упрощенный вариант генерального плана малого населенного пункта) села Есет Батыр, Жалағашского района, Кызылординской области»
- «Схемы развития и застройки (упрощенный вариант генерального плана малого населенного пункта) села Бухарбай Батыр, Жалағашского района, Кызылординской области»
- «Схемы развития и застройки (упрощенного генерального плана) с топографической съемкой, сельского населенного пункта Мәдениет, Жалағашского района Кызылординской области»

Разработчик материалов СЭО: ТОО ««KazGeoSaulet»»

Заказчик материов СЭО: Коммунальное государственное учреждение «Отдел архитектуры, градостроительства и строительства» акимата Жалағашского района.

Ответственный за разработку СЭО: Коммунальное государственное учреждение «Отдел архитектуры, градостроительства и строительства» акимата Жалағашского района.

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1) может ли реализация Генплана оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Генплана и почему?

3) освещена ли в отчете по СЭО вся интересующая Вас информация о возможных существенных воздействиях реализации Документа на окружающую среду и здоровье населения? Какая информация интересует Вас и почему?

4) имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Генплана на окружающую среду и здоровье населения?

Период действия стратегического документа: 2025-2040 гг.

Уполномоченный орган: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: до 09 июля 2025 года (последний день приема замечаний и предложений – 09 июля 2025 г.)

Контактные данные: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г. Астана, пр. Мангилик-Ел, 8 Департамент экологической политики
Тел. 8 (7172) 74-08-90, 74-02-83
е-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz, b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства: k.kense@ecogeo.gov.kz

Необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44

Материалы по СЭО размещены: на сайте Министерства (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка») <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash/press/events/1?lang=ru>

АУДАНДЫҚ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СТАНЦИЯ МЕКЕМЕСІ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Мемлекеттік қызмет –бұл көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылады және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы мекемесі мемлекеттік қызметтің мынадай түрін көрсетеді:

- Ветеринариялық анықтама беру;
 - Ветеринариялық паспорт беру.
- Мемлекеттік қызметтер тегін, кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделтетілген қызмет көрсетусіз, ауыл шаруашылығы жануары иесінің өтініші негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету нысаны электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде.Халықтың мемлекеттік қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ветеринариялық станция ғимаратында ақпараттық стенд, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы өтініштердің үлгілері және оларды көрсету тәртібі бар.

Мемлекеттік қызметті алу үшін азаматтар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00- ден 18.30- ға дейін, түскі үзіліс 13.00- ден 14.30- ға дейін көрсетілетін қызметті берушіге жүгіне алады.

Ветеринариялық анықтама- тараптардың уәкілетті органы бақылаудағы тауарларға берілетін,оның ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіздігін және осы тауарларды өндіру орындарының әкімшілік аумақтарының жануарлардың жұқпалы аурулары, оның ішінде адамдар мен жануарларға ортақ аурулар бойынша саламаттылығын куәландыратын құжат.

Ветеринариялық анықтама беру мерзімі 1(бір жұмыс күні) ішінде тірі жануарларды немесе жануарлардан алынатын өнімдерді, техникалық шикізатты, жемшөп пен жемшөп

қоспаларына тасымалдауды жүзеге асыру үшін ветеринариялық анықтама алу қажет. Ветеринариялық анықтама Қазақстан Республикасының аумағында жарамды.

№1 нысандағы ветеринариялық анықтама-тірі жануарлармен бірге жүреді. (ірі қара малы, ұсақ мал, жылқы , түйе, шошқа және т.б.)

№2 нысандағы ветеринариялық анықтама-жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат. (ет, сүт өнімдері, балық, бал, жұмыртқа және т.б.)

№3 нысандағы ветеринариялық анықтама-техникалық шикізат, жем және жемшөп қоспалары.(мүйіз, тері, жемдік АРПА және т.б.)

Ветеринариялық паспорт бұл жануар және иесі туралы ақпарат және жүргізілген ветеринариялық іс шаралар туралы мәліметтер.Сондай-ақ, төлқұжатқа жануардың өзі туралы мәліметтер енгізіледі:лақап аты, туған күні, жынысы, тұқымы, иесінің аты-жөні және мекен жайы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

Ветеринариялық паспортты, ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

Ветеринариялық паспорт қағаз түрінде беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) ветеринариялық паспорт бергенде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

2) ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме бергенде – 30 (отыз) минут ішінде .

Құрметті Жанақорған ауданының тұрғындары, мемлекеттік қызметті алу үшін кент, ауылдық округтердің ветеринариялық пунктеріне немесе «Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК -не хабарласуға болатынын мәлімдеймін.

Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы

2025 жылғы ІІІ тоқсанда М.Шәменов атындағы

ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды

тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік

мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Есжанов Ғалымжан Сансызбаевич	Ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағ:9.00-19.00-ге дейін	М.Шәменов атындағы ауылы, Мәмбет аулие көшесі, №26	37-3-96

2025 жылғы –ІІІ тоқсандағы Аламесек ауылдық

округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың

өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін

жеке қабылдауды жүргізу КЕСТЕСІ

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет батыр ауылы	Тажибаев Даулеткерей Уразбекович	Аламесек ауылдықокругі әкімі	Сәрсенбі, жұма 10.00 ден 12.00-ге дейін	Есет батыр ауылы, К.Әбішев көшесі №26 үйі	8(724-31)34-3-03

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру

департаментінің 2025 жылдың 5 маусымындағы

№ 39 - Ө бұйрығына қосымша.

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру

департаменті басшысының 2025 жылдың ІІІ тоқсанына

арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың

өкілдерін жеке қабылдау К Е С Т Е С І

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Құдайбергенов Ринат Мәжитұлы	департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден 17-00 ге дейін	Байқоңыр қаласы, Совет Армия көшесі, 11 үйі	8 /336 22/ 7-64-11

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде **8(33622)7-63-22** нөмірлі **«Сенім телефоны»** күнделікті жұмыс уақытында (9-00 ден 18-30 дейін, үзіліс 13-00 ден 14-30 дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	басылды.	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	
			Тапсырыс	

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.ЗЕБЕШЕВ:

ҚЫТАЙ – ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢ ІРІ САУДА СЕРІКТЕСІ

Жуырда Астанада “Орталық Азия – Қытай” индустриялық және инвестициялық ынтымақтастық форумы болып өтті. Айта кетерлігі форум аясында Қазақстан мен Қытай арасында жалпы құны 24 млрд. АҚШ долларын құрайтын 58 коммерциялық келісімге қол қойылған. Сондай-ақ форуммен тұспа-тұс болған Қытай Халық Республикасы төрағасы Си Цзиньпиннің де Қазақстанға ресми сапарының еліміз үшін маңызы ерекше болды.

Сыртқы істер министрлігі деректері бойынша, қазір Қазақстанда қытайлық инвесторлардың қатысуымен 50 мыңға жуық жұмыс орны ашылып, жалпы құны \$66,4 млрд болатын 224 индустриялық жоба жүзеге асырылуда. ҚХР Қазақстан экономикасындағы ең ірі инвесторлардың бестігіне кіреді: 2005-2024 жылдар аралығында инвестиция көлемі \$26,4 млрд-ты құрады.

Форум аяқталғаннан кейін осы форум аясындағы жоғары деңгейдегі келіссөздер қорытындысы бойынша қазақ-қытай келісімдерін жүзеге асыру мәселелері жөнінде Үкімет басшысы О.Бектенов кеңес өткізді.

Ресми ақпарат көздерінен белгілі болғанындай Үкімет басшысы Үкіметке –

– «Мемлекет басшысы 2029 жылға дейін кемінде \$150 млрд көлемінде шетелдік инвестиция тарту міндетін қойды. Осы тұрғыда жетекші экономикалық державалардың бірі және біздің негізгі инвестициялық серіктесіміз Қытай елімен толыққанды кооперацияны одан әрі тереңдету – Қазақстанның аса маңызды басымдығы. Сондықтан

инвестициялар көлемін арттыру, жаңа бірлескен жобаларды іске қосу, әсіресе шикізаттық емес әрі экспортқа бағдарланған өнімдерді өндіру бойынша жүйелі шаралар қажет. Мемлекет басшысының шақыруы бойынша ҚХР Төрағасының Қазақстанға таяуда жасаған кезекті сапары екі ел арасындағы экономикалық әріптестіктің жоғары деңгейін дәлелдеп, одан әрі нығайта түсті. Әрбір жобаның жүзеге асырылуы менің тікелей бақылауымда болады, толық қолдау көрсетіледі», — деп тапсырды.

Үкімет басшысы жаңа жобалары жоқ өңірлерде, оның ішінде Абай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында жұмысты жандандыру қажеттігін баса айтып аталған өңір басшылығына қысқа мерзімде серіктестермен өзара іс-қимыл орнатуды және нақты бастамалар ұсынуды тапсырды.

Ұзақмерзімді серіктестік орнату және инвестиция тарту мақсатында аймақтық делегациялардың Қытай провинцияларына сапарларын жандандыру жөніндегі тапсырманы іске асыруға назар аударды. Олжас Бектенов ҚХР Төрағасының сапары аясында келісімдерге қол қойып, алдын ала уағдаластықтарды қамтамасыз еткен Астана қаласындағы және Алматы, Қызылорда, Түркістан облыстары сияқты бірқатар өңірдегі оң динамиканы атап өтіп, қалған өңірлерге осы бағытта жұмыс істеуді тапсырды.

Кеңес барысында «Орталық Азия – Қытай» форумы аясында өңірлердің қытайлық серіктестермен жасасқан жаңа келісімдерін жүзеге асыру

мәселелері қаралды. Мәселен, Алматы облысында «жасыл» энергетика, логистика, АӨК және өнеркәсіп саласындағы жобаларды қоса алғанда, \$6 млрд-тан астам соманы құрайтын 7 құжатқа қол қойды. Астана қаласы, Қызылорда және Түркістан облыстары инфрақұрылым, агроөнеркәсіп және өнеркәсіп салаларында бастамалар ұсынды.

Кеңес қорытындысы бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға қол қойылған келісімдерді іс жүзінде жүзеге асыруды, әрбір кезеңде барлық жобаны сүйемелдеуді, сондай-ақ бірыңғай мемлекеттік инвестициялық саясат шеңберінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз ету тапсырылды.

Бұл кеңеске Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев селекторлық режимде қатысып, баяндама жасады.

– «Қытай Халық Республикасы – Қызылорда облысының ең ірі сауда серіктесі. Өңірдің сыртқы сауда айналымының 60 пайызы Қытайға тиесілі. Өткен жылдың қорытындысымен өзара тауар айналымының көлемі 489 млн. АҚШ долларына жетті.

Аймақта қытайлық инвесторлардың қатысуымен 2 ірі зауыт жұмыс жасауда. Олар қуаттылығы жылына 1 млн. тонна цемент және 197 мың тонна шыны өндіретін зауыттар.

Биылғы жылдың ақпан айында облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Қытайдың 4 өңіріне іссапармен барып, 34 компания басшыларымен келіссөздер жүргізді. Іссапар аясында ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларына озық технологияларды енгізу бойынша жалпы құны 10,8 млрд. теңге болатын 9 келісім-шартқа қол қойылды. Нәтижесінде биыл Қытай технологиясымен инвестиция тарту арқылы жалпы құны 37,4 млрд. құрайтын 10 инвестициялық жоба іске қосылып, 397 жұмыс орны ашылады. Атап айтқанда, кірпіш зауыты, қағаз және картон шығару, айна өндірістері, жалпы қуаттылығы 90 мегаватттық 3 күн-электр станциясы іске қосылады. Сондай-ақ, нан-тоқаш, кондитерлік және макарон, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ, күріш және ас тұзын өндіру зауыттары да бар.

Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өнімдер қытайлық компаниямен жасалған оффтейк келісіміне сәйкес 100 пайыз Қытайға экспортталады. Он жылдық келісім-шарт сомасы 188 млн. АҚШ доллары. Бұдан бөлек, Қытай технологиясымен жұмыс жасайтын цемент зауытының жобалау жұмыстары басталды.

Сонымен қатар 16 маусымда Астана қаласында өткен «Орталық Азия – Қытай» форумы аясында құрылыс индустриясы, су үнемдеу, ауыл шаруашылығы және машина жасау салаларында 4 меморандумға қол қойылды. Аталған жобалар су шығындарын есептеуге арналған құрылыс өндіру цехы, ауыл шаруашылығы техникасын жинау және шығару, кальцийленген силикат тақтайша өндіру және “Алладин” компаниясымен бірге бірінші кезеңде

ҚЫТАЙЛЫҚ ИНВЕТОРМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ІРІ ЖОБАЛАР

ИНВЕСТИЦИЯ

112,8

ЖҮМЫС ОРНЫ

652

адам

"Orda Glass ЛТД" ЖШС

шыны және электрэнергиясын үнемдеу зауыты

Жоба құны: 48,8 млрд. теңге

Жоба бастамашысы: King Chant Development Ltd (ҚХР)

Жұмыс орындары: 392 адам

Жоба қуаттылығы: жылына 197,1 мың тонна 5 млн шаршы метр

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы

"Компания Гежуба Шиелі цемент" ЖШС

цемент зауыты

Жоба құны: 64 млрд. теңге

Жоба бастамашысы: GezhoubaGroupCementCo

Жұмыс орындары: 260 адам

Жоба қуаттылығы: жылына 1 млн. тонна

Орналасқан жері: Шиелі ауданы

ҚЫТАЙ ЕЛІНЕ ІС-САПАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ

34 компания

басшыларымен

келіссөздер жүргізілді

нәтижесінде

құны 10,8 млрд. теңгені

құрайтын 9 келісімшартқа

қол қойылды

ҚЫТАЙ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ИНВЕСТИЦИЯСЫН

ТАРТУ АРҚЫЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАТЫН

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

10 жоба

37,4 млрд. теңге

397 жұмыс орны

"ОРТАЛЫҚ АЗИЯ - ҚЫТАЙ" ФОРУМЫ АЯСЫНДА

4 МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

СУ ШЫҒЫНДАРЫН ЕСЕПТЕУГЕ АРНАЛҒАН

ҚҰРЫЛҒЫ ӨНДІРУ ЦЕХЫ

Жоба бастамашысы: "Su Agro Solutions" ЖШС

Жоба құны: 2,5 млрд. теңге

Іске қосу мерзімі: 2026 жыл

КАЛЬЦИЛЕНГЕН СИЛИКАТТЫ ТАҚТАЙША

ӨНДІРУ

Жоба бастамашысы: "KST Energy"

Жоба құны: 3 млрд. теңге

Іске қосу мерзімі: 2026 жыл

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫН

ЖИНАУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ

Жоба бастамашысы: "Huide Engineering"

Жоба құны: 5 млрд. теңге

Іске қосу мерзімі: 2026 жыл

ЖЫЛЫЖАЙ САЛУ

Жоба бастамашысы: "Aladdin Holding"

Жоба құны: 20 млрд. теңге

Іске қосу мерзімі: 2026 жыл

ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ИНВЕТОРЫМЕН

ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ЖОБАЛАР

КВАРЦ ҚҰМЫН БАЙЫТУ ЦЕХЫ

Жоба бастамашысы: "Orda Glass Ltd" ЖШС

Жоба құны: 5 млн.\$

Жұмыс орны: 50 адам

Қуаттылығы: тәулігіне 200 тонна

Іске қосу мерзімі: 2026 жыл

ФОТОГАЛЬВАНИКАЛЫҚ КҮН ШЫНЫСЫН

ӨНДІРУ ЦЕХЫ

Жоба бастамашысы: "Orda Glass Ltd" ЖШС

Жоба құны: 50 млн.\$

Жұмыс орны: 50 адам

Қуаттылығы: тәулігіне 500 тонна

Іске қосу мерзімі: 2027 жыл

жылыжай салу жобалары Үкіметтің тікелей қолдауымен құрылған «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асырылады. Үкімет тарапынан шыны зауытына көрсетілген мемлекеттік қолдау шараларына қытайлық инвестор қарсы міндеттемелер алып, құны 55 млн. АҚШ доллары болатын қосымша 2 жаңа инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлауда. Олар – кварц құмын байыту және фотогальваникалық күн шынысын өндіру цехтары» – деп атап өтті. Өріне бұл жобалардың барлығы өз-

өздігінен оңайға келген жоқ. Алдымен тікелей қолдауымен құрылған «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асырылады. Үкімет тарапынан шыны зауытына көрсетілген мемлекеттік қолдау шараларына қытайлық инвестор қарсы міндеттемелер алып, құны 55 млн. АҚШ доллары болатын қосымша 2 жаңа инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлауда. Олар – кварц құмын байыту және фотогальваникалық күн шынысын өндіру цехтары» – деп атап өтті. Өзірге нәтиже жаман емес.

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ОБЛЫСТЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы облыстық комиссия отырысы өтіп, оған жауапты сала басшылары қатысты. Облыстық полиция департаментінің бастығы Серік Ергешов террористік әрекеттерге қорғанысы осал объектілердің қауіпсіздігін жетілдіру туралы баяндап, жағдайды жақсартуға қатысты ұсыныстарын айтты. Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов қоғамдық - саяси ахуалға тоқталды. Облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Марат Құрманбаев «Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылдың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының» орындалуы туралы хабарлама жасады. Отырыс соңында облыс әкімі сала басшыларына талқыланған мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

80-ге КЕЛГЕНДЕР ҚҰРМЕТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім және ғылым саласының ардагері Серікбай Қошқаровты, денсаулық сақтау саласының ардагері Сағындық Шәмшиевті 80 жас мерейтойымен құттықтап, құрмет көрсетті. Аймақ басшысы мерейтой еліне ізгі тілегін жеткізіп, олардың еңбек жолындағы жетістіктеріне тоқталды. - «Сыр өңірі – қаймағы бұзылмаған қазақтың киелі ордасы, құт-береке дарыған, бабалар дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтастығы үзілмеген қасиетті мекен. Елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге, абзал да адал жандарға, еңбек адамдарына кенде емес. Бүгінгі жиынымыз қажырлы еңбегімен халықтың ықыласына бөленген, өнегелі істердің ұйытқысы болған ардақты ағаларымыздың құрметіне арналады. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Серікбай Иманбайұлы мен Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Шапағат» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері Сағындық Шәмшіұлы 80 жасқа толды. Қадірлі ағалар, мерейтойларыңыз құтты болсын! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ғылым күніне» арналған салтанатты шарада еліміздің дамуына айрықша үлес қосқан ғалымдарды мемлекеттік наградалармен марапаттады. Бұл – ғылым мен білімге көрсетілген жоғары құрметтің белгісі. Сол жиында Серікбай Иманбайұлы отандық білім және ғылым саласындағы жемісті еңбегі үшін «Парасат» орденін алды. Сағындық Шәмшіұлы ұзақ жылғы еңбек жолында бірінші санатты білікті дәрігер-хирург, мықты ұйымдастырушы ретінде

тұрғындарға медициналық жедел жәрдемнің дер кезінде, сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз етті. «Дәрігер жүрегі», «Жұлдыздар жаңған жұмақ жер» атты кітаптары жарық көрді. Ағамыз зейнетке шыққаннан кейін де осы салада қызметін жалғастыруда», – деді Н.Нәлібаев. Салтанатты басқосуда мерейтой иелеріне облыстың ең жоғары наградасы – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталып, дәстүрге сай шапан жабылды. Қоғам қайраткерлері, шараға қатысушы ардагерлер құттықтауларын жеткізді.

ҚЫЗЫЛОРДАҒА ҚЫЗЫҚТЫ

Биыл Қызылорда қаласының Астана болғанының, әрі Қазақ атауын қайтарып алғанымыздың 100 жылдығы. Осы мерейтойлар асында Ұлттық музей басшысы Берік Әбдіғалиұлы қазақтың көне тарихы мол, шежірелі Сыр бойына іс сапармен келді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ұлттық музей басшысымен кездесті. Аймақ басшысы оған өңіріміздің руханият, мәдениет саласындағы ауқымды жобалар туралы айтты.

– «Биыл Қызылорда қаласының еліміздің астанасы болғанына 100 жыл толды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр еліне жұмыс сапары кезінде ардақты аналарымызға

кітапхана, музей, архив мекемелерінің соңғы 20 жылда жаңартылмаған материалдық-техникалық базасы заманауи үлгідегі жаңа жабдықтармен жарақтандырылды.

Сол жағалаудан құны 2 млрд. 700 млн теңге болатын облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты салынып, пайдалануға берілді.

Мәдени мұра – біздің құнды өрі рухани қазынамыз. Сыр өңірі – ежелгі қалалардың мекені.

Ұлы Жібек жолы бойындағы ежелгі Бөбіш мола, ортағасырлық Жанкент, Сығанақ қалашықтарында археологиялық қазба жұмыстары жалғасуда. 2023-2024 жылдары ғылыми негіздемелерге сүйеніп,



арналған «Анаға тағзым» орталығының жұмысымен танысып, жоғары бағасын берді.

Былытр «Руханият жылы» аясында 1000 орындық «Өнер орталығы» іске қосылды. Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдеріне арналған «Жыраулар үйі» ашылды.

Қызылорда облысының барлық 7 аудан орталығында 11 млрд. 500 млн. теңгеге «Руханият орталықтары» салынып, пайдалануға берілді.

Осыған дейін облыс музейлерінде арнайы қор сақтау бөлмелері болмаған. Қазір аудандық музейлердің қор бөлімдері талапқа сай жасақталып, 20 мыңға дейін экспонат сақтауға мүмкіндік алды.

Бұрын аудандардағы архив мекемелерінің қор сақтау қоймасының сыйымдылығы 35 мың құжатқа арналған болатын. Архивтер «Руханият орталығына» көшірілген соң 200 мыңға дейін, яғни алдағы 40 жылға құжат сақтауға жол ашылды. «Руханият орталығына» көшірілген аудандық

бюджет қаражаты есебінен алтын киімді «Шірік Рабат сақ жауынгері», алтын әшекейлі «Сығанақ ханшайымы», алтын қылышты «Түгіскен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» тарихи реконструкциялары жасалып, музей қоры құнды экспонаттармен толықты.

Өткен жылы Сыр өңірі мәдениетін, құнды жәдігерлерін насихаттау мақсатында «Сыр өңірі –Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты жылжымалы көрмені Ұлттық музей тәрінде өткізуге үлкен қолдау көрсеттіңіздер. Сол үшін өзіңізге зор алғыс білдіремін», - деді Н.Нәлібаев.

Ұлттық музей басшысы Берік Әбдіғалиұлы да Қызылордаға деген өз қызығушылығын жасырмады. Ол өңірлер арасындағы мәдени-рухани байланысты арттыру, тәжірибе алмасу ұлт руханиятына зор үлес қосатынын жеткізіп, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Сыр еліне жұмыс сапарында Ұлттық музейі басшысы аймақтағы тарихи-мәдени нысандармен танысты.

ҮКІМЕТТЕН СУ СҰРАДЫ

Бүгінде Сыр бойында лазерлік тегістелген күріш алқаптарының көлемі 60 мың гектарға, ал су үнемдеу технологияларын пайдалану екі есеге дейін артып, 8 100 гектарға жеткізілді.

Барлық ауданда құрылған арнайы жұмыс топтары түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, суды тиімді пайдалану қатаң бақылауға алынды. Магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы суды кезектестіріп беру кестесі бекітілген, су осы кестеге сәйкес жіберілуде. Облыс бойынша 357 насос қондырғысы дайындалып, оның 180-і іске қосылған.

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен вегетациялық кезеңнің барысы туралы Үкімет отырысы өтіп, күн тәртібіндегі мәселеге қатысты бірқатар тапсырма берілді.

Үкімет отырысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысып, аймақтағы жағдайды баяндады.

– «Биыл Қызылорда облысында 189 400 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Үкімет бекіткен Жол картасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш алқаптары 4 700 гектарға қысқартылды. Оның орнына суды аз қажет ететін малазықтық және майлы дақылдардың егіс көлемі ұлғайтылды.

Егісті сумен қамтамасыз етуге 3 млрд. 900 млн. текше метр су лимиті бекітілген. Облыста егін егу жұмыстары аяқталып, күріш 80 900 гектарға себіліп, суға толық бастырылды. Суармалы суды тиімді пайдалану мақсатында тиісті министрліктермен бірлесіп, бірқатар шара атқарылуда», – деді Н.Нәлібаев.

Өткен жылы Үкіметтің қолдауының арқасында егіс алқаптарында су тапшылығы болған жоқ. Отырыста облыс әкімі «Шардара» су қоймасынан кемінде 1 млрд. 500 млн. текше метр су жіберуге ықпал жасауды сұрады.

ӘКІМ ҚАБЫЛДАДЫ

Қай заманда да билікті жоғары санап, қол жетпес жоғын содан сұрайтын әдеті бар халық бүгінде де билік өкілдерінің қабылдауын асыға күтеді. Әсіресе аймақ басшысының... Айта кету керек, бұрын базына айтып келгеннің бетін қайтармай, қолдан келгенше көмек беретін биліктің бүгінде ондай мүмкіндігі жоқ. Бәрі де заң аясында. Баспанадан қиналып, пәтер сұрап келгендердің өтінішін орындауға болар еді. Алайда пәтер кезектілігі деген бар. Сондай-ақ оқу орындарының ректорларына тапсырма беріп, жоқ-жұтанның баласын оқуға түсіруге конкурс деген кедергі кездеседі. Бүгінгі күн талабы кімге болса да заң мен тәртіп.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «AMANAT» партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдау кестесіне сәйкес кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады. Тұрғындар емделу, тұрғын үй алу және жұмысқа орналасу мәселелерін қозғады.



Қабылдауға келіп ұсыныс-пікірін, өтінішін жеткізушілердің сауалдары назардан тыс қалмайды. Әрқайсысы толық зерттеліп, заң аясында шешілу жолдары қарастырылады. Кейбір сұрақтар бойынша түсіндірмені мамандар сол жерде берді. Бірқатарының шешілу жолдары көрсетілді.

Қабылдауда болған зейнеткер қамқорлығындағы баласын облыс әкімінің грантымен оқуға түсуіне көмек көрсетуді, қала тұрғыны облыс орталығынан жер беруді сұрады.

Аймақ басшысы биылға грант бөлінген жағдайда арнайы комиссияға ҰБТ қортындысымен құжат тапсыруға болатынын айтты. Сондай-ақ тұрғын үй, жер учаскесі тек заң аясында, белгіленген кезекке сәйкес берілетіні түсіндірілді. Басқа да көтерілген мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді. Жұмысқа орналасу мәселесі де заң аясында, конкурс арқылы шешіледі. Дегенменен үлкен биліктен үміт етіп қабылдауға келгендер саны аз болмады.

Тұрғындар облыс әкімінің, орынбасарларының, жауапты сала басшыларының қабылдауына egov.порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Мереке көптік етпейді. Әр мерекеде сол мереке иелерінің мәртебесі биіктеп, абыройлары арта түседі. Жаз айларының әр аптасында кемі бір мерекеден бары анық. Бұған дейін де көптеген мамандық, кәсіп иелерінің атаулы күндері өтіп, бір сәт оларға қоғам назар аударып, сол саланың “жоғын жасырып, барының мәртебесін асырып” келеді.

Кезек мемлекеттік қызметшілер күніне келді. Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында “Мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғалы бес жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетін өзгерте алдық. Пікір білдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда болды. Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыпты жағдайға айналды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастырды. Олар жауапкершілікпен, проактивті, ашық және тиімді жұмыс істей бастады.

Дегенмен мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек” деген болатын.

Биылғы жылдың маусымының 23-інде өткен құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қатар келген полиция күні мен мемлекеттік қызметші күні мерекесіндегі құттықтау сөзінде “Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті, әрі аса жауапты міндет” деп, елімізде заң мен тәртіп орнатуда құқық қорғау органдары, мемлекеттік қызметшілер көпке үлгі екенін ескертті.

Бүгінде Қызылорда қаласы әкімдігінде 171 мемлекеттік қызметші қызмет етеді. Нақтысын айтқанда қаланың бүкіл тыныс-тіршілігі, экономикалық дамуы, тұрғындардың мұң-мұқтажының өтелуі, инфрақұрылымның дамуы, қаланың қауіпсіз, әрі қалалықтарға жайлы болуы осы 171 мемлекеттік қызметшінің қызметіне, жауапкершілігіне, біліміне, біліктілігіне тікелей қатысты. Мемлекет басшысы Жолдауында айтылғандай “Өтініштерді қарауға қатысты жұмыстың бірыңғай экокүйесі қалыптаса бастағаны өте маңызды. Бұл жүйе халықтың қажеттілігі мен талап-тілегін



нақты біліп отыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға көбірек назар аударуға тиіс”.

Бүгінгі қала тұрғыны талғампаз, әрі оның сұранысы да жоғары. Бес жылдан бері “халық үніне құлақ асатын мемлекетте” тұрып жатқан қызылордалықтардың да талабы, өз айтары бар. Қаланың таза болуы, тұрғындардың тиесілі пәтермен, жермен, сондай-ақ күнделікті тұрмысқа қажетті ауыз су, аяқ су, жарық, жылу, қоғамдық көлікпен қамтамасыз етілуі қала әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің тікелей міндеті десе де болғандай. Қалада өтетін “Таза Қазақстан” сенбіліктерінің, әралуан тақырыптық мәдени іс-шаралардың, бұқараны қамтитын спорттық іс-шаралардың да, жалпы қала тірлігіне қатысты барлық іс-әрекеттің басы-қасында жүретін мемлекеттік қызметшілердің, жалпақ тілмен айтқанда шенеуніктердің қызметі ерекше.

Биылғы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мерекесіне орай өткен салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

– Мемлекеттік қызметшінің жұмысы білімділік пен іскерлікті ғана емес, қызметтен тыс уақытта да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы. Билікке деген сенім мемлекеттік қызметшіден басталады. Осынау жауапты да күрделі қызметті атқарып жатқан Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, адал еңбектеріңізге сәттілік тілеймін! – деді Дархан Есалыұлы.

Шарада жаңадан мемлекеттік қызметке тұрған бірқатар мемлекеттік қызметші ант қабылдады. Ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен қызметкерлер облыс және қала әкімінің, Мемлекеттік қызмет істері департаментінің Алғыстарымен, «Қызмет» салалық кәсіподағының «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісмен марапатталды.

АУЫЗ СУДЫҢ ЕСЕБІ БАР...

НЕМЕСЕ СУДЫ ҮНЕМДЕУ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Күн сайын қала қанат жайып келеді. Бүгінде сол жақ жағалауда да көптеген тұрғын үйлер салынып, ғимараттар пайдалануға беріліп, қала көлемі біршама өсті десе де болады.

Қала аумағының ұлғаюына орай қалалықтардың қажеттілігі де көбейді. Мәселен ауыз су тұтыну көлемі бұрынғыдан еселеп өскені анық.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2023-ші жылғы қыркүйектегі Жолдауында “Су үнемдейтін технологияларды енгізу – аса маңызды және шұғыл міндет. Сондықтан тиімді тәсілдер ұсыну қажет. Дегенмен біз дәл қазіргі жағдайда жаңа тариф саясатынан да аттап өте алмаймыз. Әбден ескірген инфрақұрылым әрең жұмыс істеп тұр. Сондықтан жаңа инфрақұрылым салу – өте маңызды міндет,



қазіргі нарықтың талабы. Суды нормативтен артық жұмсағандар оның ақысын жоғары тарифпен төлеуі керек. Бір сөзбен айтсақ, суды барынша үнемдеуіміз қажет. Оған қоса судың «көлеңкелі» нарығы түбірімен жойылуға тиіс.

Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су дегеніміз – үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс. Онсыз шаруалардың күні қараң. Сол себепті бұл салада заңсыздыққа жол берілмейді. Талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылады.

Еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес” деп судың тұрғындар үшін, сондай-ақ қала инфрақұрылымы үшін маңызын атап өткен болатын.

Бүгінде жаз мезгілі қалалықтардың суды ең көп тұтынатын кезеңі. Есік алдын ылғалдандыруға, салқындатуға, есік алдындағы бақшалықты суғаруға көп су тұтынатын жеке тұрғындарды айтпағанда монша, көлік жуу орындары, кафе, мейрамхана, кір жуу бизнестері де суды көп қажет етеді. Бұл ретте суды ретсіз пайдаланбау, артық су шығынына жол бермеу, сондай-ақ белгіленген тариф бойынша мезгілімен су ақысын төлеу де маңызды.

Су тапшылығын болдырмау ауыз суды тиімді пайдалануды қадағалау, су пайдалану ережелерін бұзу және бақшаларды заңсыз суару фактілерін анықтау мақсатында Қызылорда қаласында рейдтік іс-шаралар жүргізілуде. Бұл қадам ауыз су беру жүйесіне түсетін жүктемені төмендетуге және соның салдарынан туындайтын мәселелерді болдырмауға, сумен жабдықтау желілеріндегі қысымды тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Осы мақсаттағы аралау жұмыстарында тұтынушылардың бірқатарында су есептегіш құралдарының істен шыққаны анықталды. Соның негізінде тұрғындар ауыз суды еспсіз пайдаланып, бақшаларды суарып келген деректері түзілді.

Ал, ауыз судың болмау дерегі анықталған үйлер бойынша сала мамандары ақаудың туындау себебін зерделеуде. Сала мамандарының, қала басшылығының негізгі мақсаты қалалықтарды сумен толықтай қамтамасыз ету үшін тұрғындар менен тұтынушылардың суды үнемдеуге жұмылдыру, оны еспсіз пайдалануға жол бермеу.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Бүгінде Қызылорда облысында үш мыңнан астам мемлекеттік қызметші аймағымыздың қарышты дамуына елеулі үлес қосуда. Олардың 45 пайызы, яғни 1 471-і қыз-келіншектер, әйелдер қауымы. Осылардың 294-і басшылық лауазымды абыроймен атқаруда.

Кәсіби білігі жоғары, бәсекеге қабілетті, заманға сай жаңаша ойлайтын жастарға да мемлекеттік қызметте әрдайым орын бар. Өңірімізде 800-ге жуық 35 жасқа толмаған жас мемлекеттік қызметші қызмет етуде.

Соңғы жылдары аймағымыздағы мемлекеттік басқару корпусының әлеуеті артып, қызметкерлер кәсіби білімін жетілдіруге ерекше көңіл бөлуде. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында 24 мемлекеттік қызметші білім алса, 4 мемлекеттік қызметші «Болашақ» бағдарламасының түлегі атанды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған Президенттік жастар кадрлық резерві бүгінде мемлекеттік басқару жүйесіне жоғары білімді, креативті мамандарды тартуға ерекше мүмкіндік беруде.

Биылғы жылдың 23 маусымында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Мемлекеттік қызметші күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған сала басшылары мен мемлекеттік қызметшілер қатысты. Аймақ басшысы мемлекеттік қызметшілердің барлығын мерекемен құттықтап, олардың облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытындағы еңбектеріне алғыс білдірді.

– “Баршаңызды Мемлекеттік қызметші күнімен шын жүректен құттықтаймын! Елге адал қызмет ету, Отанды шексіз сүю, туған елдің дамуына аянбай үлес қосу – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті.

Егемен еліміздің алдындағы стратегиялық міндеттерді орындауда мемлекеттік басқару жүйесіндегі қызметкерлерге артылған жауапкершілік жоғары.

Сіздер Қазақстанның жарқын болашағы жолында халық аманатын арқалап, уақытпен санаспай еңбек етіп, антқа адалдықтың, халыққа жанашырлықтың озық үлгісін көрсетіп келесіздер. Туған жеріміз – Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға қосқан зор үлестеріңіз үшін шынайы ризашылығымды, алғысымды білдіремін!

Бүгінде жана трансформация кезеңінде кәсіби әрі тиімді мемлекеттік аппарат құру бағытында мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа қабылдау тетіктері жеңілдеді.

Бюрократиядан арылу, артық кедергілер мен тосқауылдарды жою, кадрлық резервті қалыптастыру, меритократия қағидатын енгізу, қызметтерді сандық форматқа көшіру мемлекеттік қызмет моделін қолжетімді әрі сындарлы диалогқа негіздеді. Соның нәтижесінде өңірде мемлекеттік аппаратты ынтаяландырып, әкімшілік шығындарды азайтып, басшылық құрам санын қысқарттық.

Президентіміздің Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құру жолындағы бастамалары мен тапсырмаларын аймағымызда сәтті жүзеге асырып, халық сенімінің үлесінен шыға берулеріңізге тілектеспін!

Баршаныңыздың дендеріңіз сау, жақындарыңыз аман болып, отбасыларыңыздың бақ-берекесі арта берсін!”– деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда мемлекеттік қызметшілер марапат төрінен көрінді. Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет саласының ардагерлері Әбдіғаппар Әмірғалиұлы мен Қожахмет Ильясов Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік қызмет ардагері», облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шаменов, Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгілерімен марапатталды. Бірқатар азаматтарға Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Сонымен қатар жас мемлекеттік қызметшілерлердің Ант беру рәсімі өтті.

Мемлекеттік қызметшілер мерекесі аудандарда да атап өтілді. Арал аудандық мәдениет үйінде 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» атты салтанатты шара өтті.

Мемлекеттік қызметші – елдің бірлігіне, тұрақтылығына, татулығына дем беретін, халықтың қамын ойлайтын әділдігімен, қайырымдылығы қатар жүретін тұлға. Ел дамуы жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан азаматтардың құрметіне шымылдық түрген шарада мемлекеттік қызметшінің өмірлік ұстанымы үндескен,

қызметтегі бір күндік өмір бейнеленген арнайы бейнеролик көпшілік назарына ұсынылды.

Салтанатты кешке арнайы қатысқан аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев мемлекеттік қызметшілерді арнайы құттықтап, ел дамуы жолындағы еселі еңбектеріне ризашылық білдірді.

– Құрметті мемлекеттік қызметшілер, қадірлі әріптестер! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – мемлекеттік қызметшілер күнімен құттықтаймын! Кез келген қоғамда мемлекеттік қызметшілердің атқаратын рөлі – ерекше. Мемлекеттік қызмет – барлық басқару жүйесіндегі жетекші рөл атқаратын мемлекеттің ең маңызды тетіктерінің бірі. Тұрасынан айтқанда мемлекеттік қызметші – биліктің биік бейнесін танытып, іскерлік қабілетін көрсететін тұлға, мемлекеттік саясатты алға жылжытатын қозғаушы күш болып



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҮМІТКЕРЛЕР КӨП

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлеген Мендалиев:

– Жыл басынан бері мемлекеттік әкімшілік қызметке кіруге үміткерлерді тестілеуге 734 адам қатысып, оның 165 немесе 22,5% шекті мәннен төмен емес нәтижеге ие болды. Құқық қорғау органдарына алғаш кіретін азаматтарды тестілеуге 263 адам қатысып, оның 84 немесе 32% шекті мәннен төмен емес нәтижеге ие болды.Жыл басынан бері Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарда 125 бос лауазымдарға орналасуға конкурстар өткізілді. 2024 жылы жүргізілген Өңірлік кадр резервіне іріктеуге өңіріміздің жастары белсенді қатысып, 235 үміткер өз құжаттарын тапсырып, іріктеу жұмыстары Қызылорда облысы бойынша сәтті аяқталды. Нәтижесімен Қызылорда облысының Өңірлік кадр резервіне алынған 25 кандидаттың 9-ы конкурстық іріктеуісз бос лауазымдарға тағайындалды. Оның ішінде 3-і басшы лауазымдар. Тағы 1 үміткер Президент Әкімшілігіне шақырту алып, жаңа лауазымға орналасты. Өңірлік кадр резервінен тағайындаулар саны жағынан Қызылорда облысы алғашқы орындарда. D-O-2 санаты бойынша барлығы 11 мемлекеттік қызметші ротациялауға енгізілген. Бұл ретте 6 қызметшінің қызметте болу мерзімі 5 жылдан асқандықтан облыс әкімдігімен мерзімін ұзарту бағытындағы шешім қабылданды. 5 қызметшінің 3-еуі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға жарияланған конкурстарға қатысып, өзге қызметке орналасса, 1 мемлекеттік қызметші өзге D-O-2 санатындағы лауазым-

табылады. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Жаңа Қазақстанды құруды мұрат еткен жасаппаз халқымыздың жарқын болашағы жолында атқарып жатқан жұмыстарыңыз жемісті болсын! Арал ауданының өркендеуі мен ел игілігі жолындағы жауапты қызметтеріңіз толағай табыстарға толы болғай, – деді аудан әкімі.

Көпшілік көңілін көтерген мерекелік шарада мемлекет ісінде табанды еңбек етіп, адал қызметі арқылы халық сенімінен шығып жүрген бір топ мемлекеттік қызметшілер облыс және аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас инспекторы А.Ерекееваға «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төс белгісі табысталды.

Жалағаш ауданындағы Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде де 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер және Полиция қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– «Мемлекеттік қызметші мен полиция қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін, қызметтің он имиджін көрсетеді. Олардың мәртебесі мен абыройы – Отанға, халқына адал қызмет етуімен бағала-

нады. Сондықтан да бұл мамандық иелері әрдайым парасат биігінде болуы қажет. Себебі халықтың билікке деген сенімі сіздер мен біздерден бастау алады. Ел үшін еңбек еткен адамның қашанда еңсесі биік, мұраты асқақ, болашағы баянды болады. Әрдайым анттарыңызға адал болып, ел қорғаны, халық жанашыры деген атақты абыроймен алып жүрулеріңізге тілектеспін» – деді Ғани Сүлейменов.

Салтанатты жиын барысында нәтижелі еңбегімен көзге түскен бірқатар сала мамандары Мемлекеттік қызметкерлер салалық кәсіподағының «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, облыс әкімінің, аудан әкімінің, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ, Мемлекеттік қызметшілердің ант беру қағидаларына сәйкес, мемлекеттік қызметке алғаш рет кірген Нұрбек Нұрғұл Сұлтанқызының салтанатты түрде ант беру рәсімі өтті.

Сырдария ауданында да аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен Мемлекеттік қызметшілер және Қазақстан полициясы күні кәсіби мерекелеріне орай салтанатты іс-шара өтті.

Мерекелік іс-шарада аудан әкімі халыққа қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер мен ел тыныштығын сақтап жүрген тәртіп сақшыларының еңбектеріне тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Мемлекеттік қызметшінің сапасы



техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 8 млрд. тенге қаражат бөлінді. Қылмысты уақытты ашу және жедел әрекет ету үшін бейнебақылау камералары желісін көбейтуге мүмкіндік жасалды. Облыс бойынша 539 бейнебақылау, 49 жылдамдық өлшегіш камерасы орнатылды. Республикада алғашқы болып барлық ауданда полиция бөлімдерінің Жедел басқару орталықтары іске қосылды. Бұл орталықтар ұсақ құқық бұзушылықтан бастап ауыр қылмыстардың ізін анықтауға және сакшылардың жұмысын оңтайлы етуге жол ашты. Соңғы 3 жылда облыс бойынша жана үлгідегі 128 автокөлік табысталды. Ауданда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жылдың басында Жедел басқару орталығы жұмысын бастады. Аудан орталығына 72 бейнебақылау және 7 жылдамдық өлшегіш камерасы орнатылды. Осындай қолдаудың нәтижесінде тәртіп сақшылары тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне қызмет жасап, аянбай еңбек етіп

жақсарту, елдің тыныштығын сақтау жолында жасап жатқан игілікті істеріңізбен көпшіліктің алғысына бөлене беріңіздер, – деді аудан басшысы.

Мерекелік шарада туған жердің дамуы мен қоғамның тыныштығы жолында аянбай қызмет етіп жүрген бірқатар азаматтарға облыс және аудан әкімінің, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының «Алғыс хаты» мен «Қызмет» салалық кәсіподағының «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгілері табысталды.

Бүгінде Қазалы ауданы бойынша 163 мемлекеттік қызметші бар болса, оның ішінде 128-і ерлер, ал 35-і әйелдер қауымы екен. Сондай-ақ 51 мемлекеттік қызметшінің жасы 30-ға толмаған жастар. Ауданда 100-ден астам полиция қызметкері қоғам тыныштығын сақтау жолында абыройлы қызмет етіп келеді.

Қармақшы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында өткен кәсіби мереке - 23 маусым- Мемлекеттік қызметшілер күніне орай салтанатты жиынды аудан әкімінің міндетін атқарушы Шыңғыс Сыдықов ашып, мемлекеттік басқару саласындағы адал еңбек пен жауапкершілік туралы сөз қозғап, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтады. Сонымен қатар Қазақстан полициясы күніне орай құқық қорғау органдарының өкілдеріне де ізгі тілегін білдіріп, ел тыныштығы жолындағы еңбектеріне алғыс айтты.

Жиын барысында мемлекеттік қызметкерлердің ата-аналарына жоғары ілтипат көрсетілді. Оларға Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хаты табысталып, бала тәрбиесіндегі еңбектері мен үлгілі өнегелері үшін ризашылық білдірілді.

Сонымен қатар, кәсіби міндетін абыроймен атқарып жүрген бірқатар қызметкерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен және саланың дамуына айтарлықтай үлес қосқан мамандар аудан әкімінің арнайы марапаттарымен табысталды.

Сондай-ақ, Мемлекеттік қызметшілер күніне орай ұйымдастырылған шағын футбол турнирінің нәтижесінде жеңімпаз командалар да салтанатты жиын барысында арнайы марапатқа ие болды. Оларға аудан әкімінің атынан дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Салтанатты жиында аудандық мәслихат төрағасы Әділ Үсенұлы мен аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Әбдірахман Құлдүйісенов құттықтау сөз алып, мемлекеттік қызметшілердің ел игілігі жолындағы ерен еңбегін ерекше атап өтті. Олар халыққа сапалы қызмет көрсету, тұрақтылық пен өркендеуге үлес қосудағы ролінің маңыздылығына тоқталып, барлық қызметкерлерге алғыс білдірді.


Шіелі ауданындағы Б.Қабылұлы атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен мемлекеттік қызметшілер күніне арналған салтанатты шара барысында аудан әкімі Айтбай Жандарбеков мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, бұл салада еңбек ететін азаматтардың қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті.

– “Мемлекеттік қызмет – абыройлы әрі жауапты міндет. Бұл салада жұмыс істеу теріс білім мен тәжірибені ғана емес, жоғары моральдық-этикалық нормаларды ұстануды талап етеді. Мемлекеттік қызметкер – халық пен билік арасындағы сенімді дәнекер. Сондықтан сіздердің еңбектеріңіз елдің ыстық ықыласы мен құрметіне лайық”– деді аудан басшысы.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мирамқұл Бибітова арнайы қатысып, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекемен құттықтап, игі тілегін білдірді.

Мемлекеттік қызмет саласында адал еңбек етіп, өз қызметіне жауапкершілікпен қараған бірқатар қызметкерлер аудан әкімінің Алғыс хаттарымен қатар, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Алғыс хаттарымен де марапатталды.

Кітапхана



СҮЙЕКШІ

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ

Желтоқсанның ызғарлы күндері де басталды міне. Суық түсіп, даланы қырау көмгелі Үндеместің сарыбы қайта қозып, сүйек-сүйегі сырқырап, кей күндері күн шыққанша жылы тесегінен тұрғысы келмей жатып алатын болды. Өзінің анадан шыр етіп туып, азан шақырып қойған аты Тұңғыш болса да, былайғы жұрт оны ауыз ашпас тұйық мінезіне қарап Үндемес атап кеткен-ді. Бұл қосалқы ат өзіне қашан тағылды, кім тақты — ол жағын ешкім де, тіпті, Тұңғыштың өзі де білмейді. Осы бір кіші-гірім шаһарға ол қашан келді, қайдан келді — оны да сұрап-біліп жатқан бір жан жоқ, бар білетіндері — жалаңаш денесіне киген түіе жүн шекпені қысы-жазы үстінен бір түспейтін қушиған молашы шал. Өзгелерге ол тек мола қазумен ғана күн көріс жолына түскен бір бейбақ боп қана елестейді және осы бір кәсіпті тағдыр оның маңдайына өшпестей етіп жазғандай, анадан туғанда басқалар секілді би, болыс болуды емес, молашы болуды көксегендей көреді. Ол жасының нешеде екенін де білмейді, есептеп те көрген жоқ. Бұл жарық дүниеде аз жасады ма, көп жасады ма, рахат көрді ме, бейнет көрді ме, бағы ашылған ба, соры қайнаған ба, бұл жағын да ойлап-толғамайтын секілді.

Мынау қан базардай құжынаған адамдар тіршілігінде дәулет бар, мансап бар, талас бар, тартыс бар, қайғы бар, сүйініш бар-ау деген сезім оның миына ешқашан кіріп-шыққан емес. Ол ештеңеге қызықпайды, ештеңеге жанталасып ұмтылмайды, еш уақыт ойпандайды. Ертемен тұрып қолына кетпені мен күрегің, сүйменін алып, қала сыртындағы қорымға қарай ілбиді. Келген бетте сол баяғы бір қалыпты қимылмен жайбарақат жер қазуға кіріседі. Өзекті жерде өлім бар, бұ қаладан күніне екі-үш адам ақырет сапарға аттанып тұрады. Бұған ол да әбден үйреніп алған. Күніне қазатыны үшеу, әрі кетсе төртеу. Азаннан кешке дейін осы қимылмен-ақ бітіріп тастайды. Сонан соң әр молаға өзі жатып көріп, тар болса үңгіп, белгісіз марқұмға іштей «иманды бол» айтады да, үсті-басының шаңын қағып, ымырт үйіріле үйіне қайтады. Мұны шаһардағы көп адам біледі, ал бұл олардың бір де бірін танымайды. Бірақ, мұны білетіндердің ешқайсысы осы бір адамның өзгелер сияқты қайғы-қуанышы, күйініш-сүйініші, мұрат-мақсаты бар болар-ау деп ешқашан ойлаған емес. Білетіндері сол баяғы Үндемес қана. Өзгелер үшін бұл ауырмайды, сырқамайды, қатын-балам болса екен деп тәңірден тілемейді де, осылай ілібіп жүріп ақырет сапарға аттанғандардың ақтық орнын екі-үш күн бұрын дайындай береді. Және кім болса ол болсын хан ба, қара ма, мүсәпір ме, кісәпір ме, жас па, кәрі ме — оған бәрі бірдей. Қара жер бөріне жетеді, тек марқұмның артында қалған ағайын-жұрағаты қалай дейді, бұл солай етеді. Онысына алақан жайып ақы да сұрамайды, кім не берсе соны алады, аз берсе налымайды, көп берсе көпсінбейді.

Керілік те жетіп қалған-ау, әлде түнгі аяз жерге тоң қатырып өткен бе? Ол күректі табанға салып ырғап қалғанда, жүзі тасқа тигендей тық ете қалды. Бар салмағын салып тағы да ырғап көріп еді, сол жамбасы зырқ етіп, аяғынан жан кетіп қалғандай болды. Денесі түршігіп келе жатқан секілді. Кеше қазып кеткен шұқыр топырағының бетіндегі қырауды ысырып жіберіп, сылқ отыра кетті де,

жамбасын уқалады. Кәрі денесі жылы төсекті аңсады. Бірақ жылы оранып жатар уақыт бар ма? Тым болмаса үшеуін бітіру керек. «Қыс та түсті-ау, — деді ішінен ол, — екеу қазармын, ал үшеу... ай, ай қиын болады-ау». Күн көтеріліп, әлсіз жылудан жер беті жылт-жылт етіп ери бастады. Ол түрегеліп, сүйменімен қатты жерді екі-үш түйгенде мұз-жарғақтар жарпа-жарпа боп жан-жаққа ұшып түсті. «Тоң қалыңдай қоймаған екен, — деді ол күбірлеп, — онысы жақсы болды. Бүгін үшеуін бітірсем»... Сәлден соң денесі қызып, жамбасының шаншуы да қайтты. Үш-төрт сүйем өткеннен кейін жұмсақ топырақ басталып, әрі қарай қазу жеңілдеді. Бір аттам аралықта да айырмашылық бар. Кешегі жердің топырағы қасаңдау еді, мына аранкі борпылдақ екен. «Өсте, бейшараның мінезі жұмсақ шығар». Кісі бойына жеткен соң құбыла жақ шың қарады. Енді бір түсуден артылар тірлік қалған жоқ. Осы сәт сырттан ат тұңғының дүсірі естілді. Дүсір оның дәл төбесіне кеп тоқтады да:

— Көр нұрлы болсын, — деген дауыс естілді.

— Айтқаныңыз келсін.

Тұңғыш ернін күбір еткізіп, орнынан тұрды. Кеудесі моладан көрінбейді. Мойны қылтып, көзі шүңірейіп, жігіт ағасы боп қалған мұртты кісіге «не айтасың» дегендей тесірейе қарап тұр.

— Бүгін таң сыз бере інім қайтып еді.

— Иманды болсын. Ұнаса мына біреуі дайын.

Тұңғыш атты кісіге бір, ақымға бір қарады.

— Бұл жерге су үймелейді-ау деймін, ойпаң екен. Басқа жерден қазуға болмай ма?

— Құдайдың жерін жаралай беріп қайтеміз.

— Өлгенді құдай кешірер. Анау бір төбенің басынан қазсаныз қайтеді.

Атты кісі жез сапты қамшысымен беткей жақты көрсетті.

— Сол жердің топырағы құрғақ болар.

— Ал мынаны кім алады?

— Бір бұйырған алар. Қазылған көр далада қалмас.

Тұңғыш түнеріп төмен қарады. Бәрі өстеді. Жер таңдап, мұрде таңдап күпірлік жасайды. Төбе не, ойпаң не? Бұ жерге де су үймелейді. Ағып өткен судан көп болса зектер, бірақ ақымға жетпейді ғой.

— Күйген қышпен төрт қатар ғып өрсе марқұмға сыз тимейді. Бесікке жаңа бөлеген баладай құп-құрғақ жатады.

— Өлім үстінде айтыспайық, пәруәр-дігер. Тілегімді орындаңыз. Ақысына — бір ісек атадым.

Тұңғыш ойланып қалды. Өке-шешесінің әруағына құран оқытсам дегені ойына сап ете түсті.

— Бір тілегімді нәмақұл демеймін. Жарайды. Мынаны бітіріп болған соң кірісейін.

— Тәңір жарылқасын сізді.

Мұртты кісі атын кейін бұрып жүріп кетті. Тұңғыш еңкейіп, моланың ішкі үйіне енді. Бұқшиіп жүріп табанын тереңдетуге кірісті. Өлгі күннің жылуына бойы үйреніп қалғандықтан ба, ақым мұп-мұздай боп денесін түршіктірді. Ол келте сүйменмен аумағы жарты кездей жерді тез-тез түйгілеп шықты.

«Су үймелейді дейді. Нағылған су. Топырағы құп-құрғақ. Қандай жақсы жер!» Бос топырақтың шаңын бұрқыратып келте күрекпен сыртқы үйге лақтырды. Ақымның тар тесігінен түсіп тұрған болмашы жарық бұрқыраған қою шаңнан әлсіреп, бұрыш-бұрышты қараңғылық басты. Ол шұқырдан шығып, жұмсақ топырақ үстіне отырып демалды. Күн жылып, қатқан жер шылқылдап ери бастапты. Айналаға жақсы емес». Ол қайғылы балалық кезінің сонау бір сәттерін есіне алды. Күмбезі күнге шағылысады, екіншісі

қырына аунап түсті. Ұйқы атаулы аунап түскен сәтінде шашылып қалғандай мүлдем қашып кетті.

Осы сәт жылымшы бір нәрсе самайдан өтіп, құлағына жетіп тоқтады. «О, тоба, мұным не бұл, жылағаным не тағы?» Ол жасын сүртейін деп еді, киіз ашылып, енді-енді беті қайта бастаған шаншуым қозып кетер деп қозғалмай жата берді. «Қой, жыламайын. Өлі әруаққа да, тірі әруаққа да жылаған жақсы емес». Ол қайғылы балалық кезінің сонау бір сәттерін есіне алды. * * *

СҮЙЕКШІ

аласа жай күмбез, үшінші біреудікі кесек қорған, төртінші біреудің қабірі жай төмpek қана. Енді бір бейшаралардың қабірі ортасына омырылып, сәңірейіп тұр. Кім біледі, бір заманда ол анау күмбезді зираттан да сәулетті болған шығар. Бірақ оған енді ешкім сенбейді, өткен істің бәрі өтірік, бәрі жалған. Денес жерден екінші қабірді бастап кіндікке жеткізгенде ине сұғып алғандай жамбасы тағы шым ете түсті. Не болған бүгін, бұрын шаншу қадалғанмен жылы көрпеге оранып, дел-сал боп бір терлесе таңертең құлантаза сауығып кететін еді ғой, әлде, көрілік деген құдай атқырдың жеткені ме? Көп отыра берсем денем құрысып қалар деп ол орнынан тұрды да, жамбасын қолымен басып бойын түзеді, сонан соң күндегі әдетінше шұқыр ішіне секіріп түсіп еді, сол жамбасын әлдекім суырып әкеткендей көзінің оты жарқ етіп, бүк түсіп жатып қалды. Жілік-жілігінің арасынан әлдекім сым өткізіп, бір ұшын миға тартқандай басы зырқырап, есеңгіреп кетті. Сәлден соң есін жиды. Жамбасының шаншуы бағанағыдан қайтайын депті. Етпетінен түскенде сүйеулі күрекке жығылып шекесінен қан аққан екен, ол дымқыл, саз топырақпен араласып қанды балшық боп қатып қалпты. Ол орнынан көтеріліп кіндік бойы қазылған шұқырдың екі ернеуіне сүйеніп бірз тұрды. Салмақ салса-ақ жамбасы зар қағады. «Қап, — деді ол іштей, — біткен екем. Үшеу түгіл, екеуін де қаз алмайтын болдым-ау! Сорлы басым-ай, секіріп нем бар еді!» Ол тырмысып жүріп моладан әрең шықты. Күрегің алуды әлгінде ұмытып кеткен екен, қайтып түсуге қиынсынып ішінде қалдырып кетті. Көзіне жылы төсек елестеді. «Жоқ, — деді ол іштей, — бұл болмайды. Тым болмаса екеуін, кешке дейін тым болмаса екеуін». Үндемес күннің әлсіз жылуына бөксесін тосып, қырындай жатты. Жылылық денесіне жағып барады. Өстіп жатып ұйықтап кетіпті. Көзін ашқанда тұс ауыл қалған екен. Тісі тісіне тимей қалшылдап барады. Мана жатқан кезінде күн ашық еді, аспанды бұлт торлап, батыстан ызғырық соғып тұр екен. Сызға тиген оқ жақ ығы мен жамбасы алдырмай қапты. «Біткен екем, — деді ол күбірлеп, — болған жерім осы екен дө. Қайтейін». Ол буыны сытырлап орнынан тұрды, шекпенін қымтана түсіп, анау төменде, шағын қаланың бір түкпіріндегі өзінің кішкене үйіне қарай ілібіп қозғала берді. Жайшылықта сүт пісірім уақытта баратын үйіне бір сағатта әзер жетті. Мал түсірген бе, жел түсірген бе, терезе орнына тығылған жастық жерге домалап, аядай сызтамның іші азынап тұр екен. Терезені қайта бітеді. Үй ішін көрдегідей қараңғылық басты. «От жағу керек-ау!» Бірақ, оған отты қайдан тапсын. Көршілерден барып әкелейін деп еді, сүйегін сүйретіп қуыс үйіне құр сұлдері әзер жеткенде қайта шығуды қиынсынып, көз көрмесе де қол үйренген жердегі көрпелерін қалың етіп салды да, үстінен киіз жамылып тарс бүркеніп жата кетті. «Шіркін-ай, ыстық қоламта болар ма еді, — деді ішінен. — Суырып алғандай шаншу таппа тыйылар еді-ау». Бұрын жамбасы ауыра қалса кір шүберекке қоламта орап, шаншу қадалған жерге басып жата қалатын, таңертең сен көр, мен көр құлан таза айнағын шығатын-ды. Қазір оған шама қайда, әл қайда. Марқұм әкесі де солай ететін еді. Сәлден соң бойы жылынайын деді. Таң атқанша тырп етпей осылай жылы бүркеніп шықсам сауығып кетермін деп көзін жұмды. «Емнің үлкені —жылы төсек, тыныш ұйқы». Бұл қайдан есіме түсіп жатыр? Ө, ө, әкем марқұм айтшы еді-ау. Иә, ұйықтап алайын. Бірақ, ол қанша тырысса да неге екені белгісіз көз іле алмады, басы ию-қию шұға толып, ойына қай-қайдағы бір оқиғалар орала берді. Бірде жартысы бітпей қалған мола, бірде үй ортасында шоғы қып-қызыл боп шытырлай жанып жатқан сексеуіл, онан соң буы бұрқырап тұрған жас сорпа, енді бірде сонау-сонау кездердегі әке-шешесі елес берді. «О, бейшаралар, —деді ішінен. — О, бейшаралар»... Кеше әке-шешесі түсіне кіріпті. «Дәметіп жүр-ау. Пұлым жетсе бір мал алып, құран оқытып жіберейінші. Бүгін тым болмаса екеуін де бітірмегенімді көрдің бе». Сол жақ

Оның бала болса болғаны рас шығар, бірақ, балалық шағы болған жоқ. Әкесі Қомша алдында мал, басында бақ, артында арқа сүйер туысы болмаған соң көп өмірін кісі есігінде жалшылықта өткізіп, жасы жер ортасынан ауып бара жатқанда бір жетім қызға қосылып, екі жылдан кейін перзент сүйді... Сәбидің дүниеге келгенін екі қоңсы кемпірден басқа ешкім білген жоқ. Қолынан келер өзге кәсібі жоқ Қомша малды ауылдардың қырық-елу құлаш құдығын қазып, ел аралап кеткен-ді. Түн жарымы ауа үйіне келгенде жас нәрестенің иісі бұрқ етіп, сол иістен ет-жүрегі езіліп, босағаға сүйеніп тұрып қалды. Әйелі тез көтеріліп, ортадағы көмүлі шоқты ашып қалғанда үй ішіне қызғылт жарық түсіп, ауыр жұмыстан шаршап-шалдығып келіп тұрған өз күйеуін көрді де, қуанғаннан күлімсіреп төмен қарады.

— Көп кештіңіз ғой.

— Құдық терең болды. Атын кім қойдыңдар?

— Сізді күтіп отырмыз. Қомша төрдегі бесікке келіп, жабулы көрпені жаймен ысырды да, пысылдап ұйықтап жатқан нәрестенің маңдайынан ұзақ иіскеді. Ортадағы шоқтың беті қарауытып, үй іші күңгірт тартып бара жатыр. Қомша от басындағы әйелінің жанына келіп, жерде жатқан көсеумен шоқтың көзін тағы ашып қойды. Қызғылт жарық түндікке барып тірелді.

— Тұңғышымыз ғой. Атын Тұңғыш қояйық.

— Айтқаныңыз болсын.

— Көрші-қоландарға қазан астың ба?

— Сізді күтіп отырмыз. Пышаққа ілінер мал қайда?

— Ертең шақырып жіберейік. Бір ай төккен терім Тұңғышымнан садаға.

Әйелдің жүзіне күлкі үйірілді. «Пышаққа ілінер мал қайда? » — деп айтуын айтса да ерімнің көңіліне қаяу тастап, қу жоқшылықтың тақілетін тағы есіне салдым-ау деп іштей өкініп, әрі зеку естіп қалар ма екенмін дегендей қипақтап қалып еді, «бір ай төккен терім Тұңғышымнан садаға» деген сөзді естігенде, ерінің бұл жолы бұрынғыдай емес, олжалырақ оралғанын сезіп, іштей қуанып қалды. Отты тағы көсеп жіберді. Үй іші жап-жарық боп, бесікте жатқан баланың қызыл шырайлы жүзі көрінді. Қомшаның екі басы үшеу болып, тіршілік тауқыметі бұрынғыдан ауырлай түсті. Ол өзгелер үшін шөп орды, құдық қазды, мал бақты, басқа жұмыс болмай қалғанда ерсі көрмей арқан да есті, тәзек те терді. «Қатыным бар, балам бар. Қатын болса түсінер, бейқұне бала не білсін, жоқ дегенді ұғар ма? Одан аяған шыбын жаным шырқырап көрге кіре қойсын». Осылайша, тіршілік қамымен қарбаласып жүріп ашты-тоқты өмірдің тоғыз жыл артта қалғанын Қомша аңғармай да қалды. Әйелі бұдан кейін екі құрсақ көтерген-ді, бірақ, алғашқысы үш айлығында шетінеп, одан кейінгісі іштен өлі туды. Бұл оқиға екеуінің қабырғасын қақыратып, он жасқа қартайтып кетті, әйтсе де жарлының жалғыз құбанышы — жаратқан ғой, екеуі «тәңірі маңдайға не жазса соны көрерміз, одан пенде қашып құтылған ба? Жалғыздың ғұмырын алпадан жыламай тілейік» деп өздеріне-өздері басу айтып, көз жасын әрең құратқан.

Құдай бір адамның соңына қашанғы құрық алып түсе берсін, ақыры олардың тілектері қабыл боп, әйелі бір ұл туды, енді міне, бұлардың шаңырағына тағы бір қуаныштың құсы келіп қонғандай болды. Кеше Қомша ауылдың молдасы Бөдіғұлмен сөйлесіп көріпеді, жарықтық, әулие кісі екен ғой, мұны жылы қарсы алып, биылдан бастап балаң менен оқи берсін дегенді айтты. Ақы да сұрамады. «Ер мойнында қыл арқан шірімес, бірде болмаса бірде қайтар» деді. Қомшаның төбесі көкке жетіп, үйіне құстай ұшып келді. Молдекем ақы сұрамағанмен түк таппағандай құрқоп баруды басына ар санап, баласын оқуға апарғанда қазығына бір қараны көнімді сатсам да байлармын-ау деп бекінді. Оқуға үш ай қалды, оған дейін екі құдық қазса екі қой неге таппайды? Қорада бір бұзау, үш қой бар. Бәрін сатса қалай да бір қараның басын құрайды емес пе? Іздегенге сұраған, арада екі-үш күн өткенде көрші ауылдың ескі құдығы құлап, жаңасын қазатын кісі іздеп жүр екен деген хабар келе қалды. Бұл өңірдің

құдығы кемінде отыз-қырық құлаштан кем болмайды. Қолына кетпен ұстаған жанның бәрі қазуын қаза алар-ау, бірақ оны шегендеп, тастай өріп тастайтын шебер ілуде біреу-ақ. Осы хабар жетісімен Қомша кетпені мен сүйменін арқалап әлгі ауылға жетіп келді. Оның шеберлігін жұрттың бәрі біледі, «әдейі іздеп келдім» дегенде басы Тілеуберді бай болып қатты қуанып, «құдықты жақсы бітірсең бір емес екі қой аласың» деп уағда байлады. Көктен іздегені жерден табылып, Қомша қасына бір серік алды да, жатпай-тұрмай жұмысқа

кірісіп кетті. Жиырма жеті күн дегенде барып саз балшыққа жетіп, жиырма сегізінші күні сынаптай жылтырып су да көрінді-ау, жарықтық! Ол арқанды тартып қалды — су шықты деген белгі.

Шыңыраудан қарағанда инедей боп қылдырап көрініп тұратын серігі лезде жоқ болды, қуанышыын басқаларға айтуға кетті. Сәлден кейін құдық басына адамдар үйме-жүйме жиналып қалды. Түйемен жеткізілген Сырдың сексеуілін арқанға байлап, төмен түсіріп жатыр. Қомша таңертеңнен бері қазған жерін өріп шықты да, тізеден су кешіп жүріп тағы да жарты құлаштай тереңдетті. Ол құдықтан шыққанда кеш батып қалған еді. Жиналған жұрт қаумалап ортаға ауыл, құдықтың тез біткенін, құдай бұйыртса екі-үш жылға шейін суы сыр бере қоймайтынын, Қомша-сынды шеберге тағы біреуін қаздырып алса құба-құп боларын айтып, мақтасып жатыр. Бірер күн болып, демалып қайтарсыз деген жұрт сөзіне көнбей, қатын-баласына асығып, тырнағы ілініп жүрген Қомша тиесілі екі қойын жетектеп, жеті түнде ауыл иттерін абалатып үйіне тартты. Үйде аунап-қунап бір жетідей әл жиған соң басқа бір бай ауылына барып, екінші құдық қазуға кірісті. Жиырма құлаштай тереңдікте әлі дымқыл тартатын түрі жоқ қасаң топырақты сүйменмен түйіштеп жатып ол баласы жайлы тәтті ойға берілді. «Балам оқуды бітірсе, пәленшенің ұлы ғұлама молда екен, оқу атаулының түбіне жетіпті» деп жұрт гуілдеп жүрсе. Оған жақсы жерге құда боп, келіншек әперемін, жұмыртқадай ақ отау тігіп беремін. Келін айналпайын азанмен тұрып, маған сәлем береді, «ата, құманда жылы су бар» деп іліліп тұрады. «Көсегең көгерсін, қарағым, өмірлі бол» деп ақ батамды айтамын. Еһ, дүние-ай!»

Арқан дір ете қалды. «Бұ несі? Көмекші жігіт сусын алып келу үшін жаңа ғана кетіп еді ғой, құс боп кеткені ме шіркіннің!» Ол жоғары қарады. Үш жігіт төне түсіп, қарқылдап күліп тұр. Оның денесі дір ете қалды.

— Ей, не керек сендерге?

— Көр тышқандай ін қазып көрген күнің құрсын! —Ах-ха-ха! —Еһ-еһ-еһ... —Ей, шық бермен. Сусының бар ма? Әйтпесе құдығыннан су алып бер.

— Бұл нағылған тәлкектерің, менде нелерің бар?

— Өй, шықсаншы өзің, мә, ұста арқаннан!

Қомша арқаннан ұстауға сескеніп, тепкішекпен жоғары шықты. Бейтаныс жігіттер. Аттарының ер-тұрмандары мен киімдеріне қарағанда, еріккен бай балаларына ұқсайды. Үшеуі де бозаға мас боп алты, ауыздарынан уыт иісі аңқыды.

— Иә, құдық қашан бітеді?

— Амандық болса он шақты күнде бітіп қалар.

— Немене, оған шейін біз қаталап өлеміз бе?

— Құдай сақтасын, ескі құдық бар ғой. — Ал, бозаң бар ма? — Мырзалар-ау, менде боза қайдан болсын. Қазір серігім айран өкелер. — Айран? А-ха-ха-ха! Айран дейді! Үшеуі де қарқылдап күлді. — Сен көк сөзді қой, - деді маналы бері дес бермей тұрған сулу мұрттысы, — біздің білмейтініміз жердің астында. Қатыныңның жас екені рас па? — Не деп тұрсыз, мырзалар? — Қатыныңның жас екені рас па деймін?

Қомша не деп жауап қайыарын білмей үнсіз тұрып қалды. Сәлден соң: — Оны неге сұрадыңыздар? — Ах-ах-ах!..

Үшеуі де қарқылдап күлді.

— Сен көк сөзді қой, - деді маналы бері дес бермей тұрған сулу мұрттысы,

— біздің білмейтініміз жердің астында. Қатыныңның жас екені рас па?

— Не деп тұрсыз, мырзалар?

— Қатыныңның жас екені рас па деймін?

Қомша не деп жауап қайыарын білмей үнсіз тұрып қалды. Сәлден соң: — Оны неге сұрадыңыздар? — Ах-ах-ах!..

Үшеуі де жаңғыртып тағы күлді.

Қомшаның ашуы келейін деді.

— Мырзалар, мен сіздер секілді ері-гіп жүрген жан емеспін, сіздер тойып секіріп жүрсіздер, мен тоңып секіріп жүрмін. Өздеріңіздей дәулет менде жоқ,

қолымнан келері міне, мынау, құдық қазып жан бағаған. Тәлкек көтерер кісі мен емес.

— Мәссаған! Тәлкек көтермейді! Енді кім көтереді, мен бе? Көр... көр тышқанның айтып тұрған сөзін қарай гөр. Жарайды, қойдық. Бар, ініңді қаза бер. Түссенші енді!

— Өзім-ақ асықпай түсемін ғой, сіздер қайта беріңіздер. *(Жалғасы бар)*

Ақмешіт Ақшамы

І Академик Әбдімәлік Нысанбаевтың айтқаны: "Мәскеуде аспирантурада оқып жүрген кезімде Литвадан келген досым Альберт Райбекас екеуміз жабылып, КСРО Бас прокуроры Рубенкоға хат жаза жүріп, әкем Нысанбайдың есімін жаладан тазартып, ақтап алдым. Менің ғалым болуыма ғылыми кітаптар жазу арқылы әкеме мәңгілік ескерткіш қою себеп болды".

Мен - Айбосынов Шыңғыс, ол - Нысанбаев Әбдімәлік. Екеуміздің Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық (бүгінгі Қорқыт Ата атындағы университет) институттың физика - математика факультетіне 1955 жылы оқуға түсуіміз ойда жоқта болған еді.

Енді соны басынан бастап айтайын. Мен 1955 жылы Сексеуіл станциясындағы №423 орта мектепті үздік бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика - математика факультетіне құжат тапсырғанмын. Емтиханның барлығын да жақсы және өте жақсы деген бағаға тапсырсам да қабылдау комиссиясы конкурстан өте алмадың деп, қолыма емтихан бағалары жазылған сынақ тапсырған құжатты берді. Сондағы қабылдау комиссиясының айтқаны:

- Осы құжатпен

Ә.НЫСАНБАЕВ – МЕНІҢ ДОСЫМ...

б а с қ а институтқа барсаңыз, осы бағаларыңмен олар қабылдауы мүмкін,-деді. Бірақ мен ешбір институтқа бармай, дайындалып, келер жылы қайта келермін деген оймен поездға отырып, ауыл қалдасың деп жолға шықтым.

Біз мінген поезд 25 тамыз күні талтүсте Қызылорда қаласына келді. Поездан түсіп вокзал алдында тұрсаң, Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түсуге келген таныс балаларға кездестім. Олар менің сынақ тапсырған құжатымды көріп, «мына бағамен пединституттың физика-математика факультетіне кәліп болса солай түсесің» деп кеңес берді. Содан сол жерде поездан қалып, пединституттың физика-математика факультетінің деканының қабылдауына бардым. Барсам қабылдау бөлімінде мен қатарлы бір бала - жігіт отыр екен. Таныса келе ол да мен сияқты Ташкент қаласына барып, теміржол институтына емтихан тапсырып, конкурстан өте алмай, емтихан тапсырған құжаттарымен осы институтқа келіп отырған Әбдімәлік Нысанбаевмын осы екен.

Екеуміздің құжатымызды қабылдап алған факультет деканы Ө.Тәжмағанбетов:

- Балалар, мен институт ректоры Әділ Еркемов жолдасқа барамын, сендер мені күтіп отырыңдар,- деп кенседен шығып кетті. Арада бір сағатқа жетпейтіндей уақыт ішінде қайтып келіп:

- Балалар, сүйінші, студент болдыңдар, - деп институт ректорының бұйрығымен таныстырды.

Бұл 1955 жылдың 25 тамыз күні болатын. Сонымен Айбосынов Шыңғыс, Нысанбаев Әбдімәлік журналға «Б» группасының студенттері болып тіркелді. Ертеңіне группа студенттері мені староста етіп сайлады.

Екеуміз де 1960 жылы аталған институтты үздік бітіріп шықтық. Дипломды алғаннан кейін елдегі қарт ата - анама қызмет көрсету үшін ауылға барып жұмыс жасайын деген тоқтама келіп, батысқа жол тарттым. Ал, Әбдімәлік болса, ғылым жолын таңдап, Алматыға - шығысқа аттанды.

II

Енді академиктің өзін сөйлетейік.

"Қайран, балғын балалық шақ! Өмірдің өткелдерінен өз күш - жігеріммен өтіп, ақыл тоқтатқан адам осы бір бейжұне бақытты кезеңді ет жүрегі елжірей еске түсірері анық. Адамның қайта айналып келмейтін осы алаңсыз шағы оңашада ойға шомғанда бұлдыраған сағыншы сағымынан бірте-бірте айқындалып, алыстан талып жеткен бала кездің бейнелері түйдек-түйдегімен көз алдыма келеді.Осындайда көңіл төрінен мәңгі орын алып қалған балаң өсерлер туралы шексіз мейірімі мен шапағатын төккен асыл да аяулы апаларым мен әжелерімнің аялы алақаны туралы ой бөліскім келеді.

Сонау өткен ғасырдың 50-ші жылдар, оның оқиғалары әлі есімде. Мен Қызылорда қаласының жанындағы колхоз мектептерінде білім алдым. Одан кейін қаладағы гидромелиоративтік техникумда оқып, Ленин мектебінің 10-шы класын кешкісін оқып бітірген болатынмын.

Қазақы тәрбиеде әжелер мен аналардың қаншалықты маңызды орын алғанын ешкім теріске шығара қоймас. Дәстүрлі қоғамда ер - азаматттың іс - әрекеті қашанда түзде өтсе, бүкіл үй шаруашылығы мен ер жеткенге дейінгі бала тәрбиесі әйел-аналардың мойнында болды. Аналар ауылдағы ағайынның ырыс - берекесінің ұйытқысы болды. Қазақы әжелер мен аналардың бейнесі заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романындағы Зере мен Ұлжанның кейпінде тамаша берілді емес пе?!

Иә, біздің замандастарымыз тәрзіді менің де балалық шағым өткен ғасырдың 40-50 жылдары Сыр бойындағы қиын-қыстау күндерге,

ашаршылыққа, қуғын-сүргінді, қиямет қырғын соғысты бастан кешірген жылдарға деп келді. Аумалы - төкпелі осы заманда бала дүниетанымы мен бақытына ықпал етіп, оның жақсы азамат болып, тұлға болып тәрбиеленуіне әсерін тигізген, өмірім мен санамда өшпес із қалдырған апаларым мен әжелерім туралы айтсам деймін. Әруақтары риза болғыр, бұлар Қатира және Тазагүл апалар, Рысты, Мария және Бибінұр әжелерім болатын.

Мен діни сауаты бар өз анам Рыстыны әже деп атадым. Өйткені бала тұрмағасын осылай атауды бәрімізден өзі етінген. Бұл да болса қазақы ырымының бірі болса керек. Әкем Нысанбай екеуі қосақтасып өмір сүргенде анамыз 17 құрсақ көтеріпті. Солардан екі-ақ қыз қалған, менің апатайларым - Үміт, Қатира, қалғандары өткен ғасырдың отызыншы жылдары қолдан жасалған ашаршылық жылдары шетінеп кете берген. Ел басына төнген бұл зобаланды бастан кешпеген қазақ отбасы кем де кем шығар.

Әкем Нысанбай мен Рысты анам балаларын жетелеп Өзбекстанға ауды. Бұл қасіретті сапар-дағы сұмдық оқиғаларды бала кезімде әжемнің аузынан талай естідім. Менің ата -

аналарым жат жұртқа

жерсіне алмай, туған еліне қайта оралады, бей-неті көп, зейнеті жоққа жақын колхоз жұмысына орналасады.

«Баласыз ата - тұл» демекші, артына тұяқ қалдыруды армандамайтын қазақ бар ма, сірә?! Менің ата - аналарым да бала тұрқатамағасын сол маңайдағы әулие - әмбиелерді жағалап, әруақтардың басына түнеп, құдайдан жалбарынып ұл сұраған. Алсапыран заманда алда не күтіп тұрғанынан күдіктенгені де болар, ұрпақ жалғастығын әкем де, шешем де уайымдаған тәрзіді. Қам-көңіл пенделерінің мұнына құлақ асты ма, 1937 жылдың 1 мамырында мен дүниеге келіпін, артымнан Мәлік өмірге келді. Құғын - сүргін жылдары халықты ұлт ретінде ұйытуға тырысқан қазақтың бетке ұстар қаймақтары қамауға алынып, жер айдалып, атылып кете барды. Кеңестік саясатты жергілікті кеше кісі қолына су құюға жарамай жүрген сауатсыз жарлы - жақбайлардан шыққан шолақ белсенділер жүзеге асырды. «Аша таяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген ұранды жамылып, бұл ұрда - жық белсенділер өктемдік пен зорлық - зомбылықтың, жалақорлық пен пөлекқорлықтың түр - түрін көрсетті.

Менің әкем Нысанбай да осы саясаттың құрбанына айналды. Қызылорда қаласының жанындағы Қарауылтөбе колхозында тұрғанәкемді түнде алып кеткені, әжеміңжыстағаны еміс- еміс есімде қалыпты. Әкең таууда қайтып келеді деп жұбатқаныммен, оның хабарын бірнеше жылдан кейін, соғыстан соң тоталитаризм тозағынан босап шыққан әкеммен бірге болған адамнан естідік. Осылайша менің балалық шағым соғыс жылдары әкесіз, әжем мен апамның қамқорлығында өтті. Әйел тәрбиесін көрген баланың психологиясы, дүниетанымы, құндылықтар жүйесі өзгеше болады екен. Әдетте, кез келген баланың күтетін асқар тау секілді мәкілрі қорғанды, сүйеніш пен тіректі әжелердің мейірілі жүрегі мен аялы алақаны айырбастады. Бұл да біздің замандастарымыз бастан өткізген сол қиын-қыстау уақыттың бір белгісі. Осының өзі адамды жастайынан өмірмен бетпе-бет келгенде, өз бетінше шешім қабылдап, өз отбасының қызғыштай өзің қорғап, оның өміршеңдігін қамтамасыз етуге итермелеп, батыл әрі ақылды әрекет етуге тәрбиелейтін тәрзіді. Мен өз басым Алпа жаққан отты адам ұрлеп сөндіре алмайтынына тәнті болдым.

Анамның қуш - қуаты мол, ерік-жігері мықты болатын, оның негізгі мақсаты екі ұлына - Әбдімәлік пен Мәлікке ұлттық тәрбие, мүмкін болғанынша жақсы сапалы білім беру, оларды еліміздің қажырлы азаматтары етіп өсіру еді. Ол арманы іске асты, екі баласы танымал азаматтар болып өсті. Өз басым мектепті жақсы бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың физика - математика факультетіне оқуға түстім. Құрстан курсқа өткен сайын білімімді тереңдетіп, уақытты бос жібермес үшін қалада жатып оқуға тура келді. Осылайша сол кездегі қаланың Некрасов көшесінің төртінші үйінде тұратын Тазагүл апаның үйіне тап болдым. Төрт-бес жыл бойы осы кісінің қолында тәрбиелендім. Студенттік кезімде Батырхан Остев, Сұлтан Үсенов, Бекіраш Жүсіпов, біздің группаның мәңгі старостасы ШыңғысАйбосынов сияқты тамаша достарым болды. Сол достық бүгінгі күндері әрі қарай жалғасуда.

Тазагүл апа өте қатал, тура жолмен жүруге үн-деп, талап қойғыш, кісінің тағдырына бей - жай қарамай, жағымды ықпал етуге тырысатын адам еді.

Мені қыздай етіп тәрбиеледі. Тазагүл апа атына заты сай кісі болатын. Ол барлық нәрседен, барлық істен мұнтаздай тазалықты, ұнамды ұқыптылықты, жан - жақты жинақтылықты сақтауды талап ететін. Егер менің бойымда титтей де осындай қасиеттер

болса, онда бұл кісіден дарыған болар. Тазагүл апа менің сабақтағы үлгерімім мен жеке бас тәртібіме дейін қадағалады. Соның да ықпалынан болар, мен 3-5 курстарда өте жақсы оқып, Сталиндік стипендияның иегері болып жүрдім. Бұған маған дәріс берген Ө.Тәжмағанбетов, Е.Махмұтов, И.Бекбаев, Ә.Оразалиев, Ж.Беркімбаев, С.Сарманов, С.Елубаев, Ж.Сәтбаева сияқты тамаша білікті де дарынды ұстаздарымның еңбегінің арқасында қолым жетті десем де болады.

Тазагүл ападан жұққан осы қасиеттер – тән мен жанның тазалығын, киген киім мен ішетін астың тазалығын, үй мен жұмыстағы кабинеттің жинақылығын, бір сөзбен айтқанда, әрбір істің ұқыптылығын сақтау менің кейінгі өмірімде, студенттік және Мәскеудегі аспиранттық кездерімде, ұстаздық пен ғылыми ұйымдастырушылық жұмыстарымда өзінің орасан септігін тигізді деп ойлаймын.

Институтты бітіргеннен кейін институт басшылары мені

арнаулы жолдамамен Алматыға

Қазақстан Ғылым Академиясына жіберген болатын. Ол кезде академияда қызмет істеу деген үлкен мақтаныш еді. Өйткені ғылыми инновациялық Сәтбаев заманы болатын. Мұнда мен елу жылдай отасып отырған болашақ жұбайым Зейнешпен таныстым. Оның анасы Бибінұр анамыздың тәрбиесін де көрдім. Ол кісінің дайындаған дәмді мантисы мен кеспесі әлі есімде, Марқұм анамыз қазақтың тамаша үлгілі отбасы болуымызға көптеген ақыл - кеңесін аяған жоқ. Оның жұбайы Асқаров Әшен әкеміз Қызылорда қаласында өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында басшы қызметте болып, одан кейін Алматыда және басқа өңірлерде көптеген басқарушы қызметтерде адал қызмет атқарып, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болған азамат-тұғын.

Сонымен, менің болашақ ғалым болуыма, осы жолда үлкен ізденіспен еңбек етуіме Орынбек Жәуітқов, Жабайхан Әбілдин, Лев Науменко, Мамия Баканидза сияқты дарынды ғалымдардың маған берген ақыл кеңестері үлкен күш берді және ғылым биігіне жетеледі.

Сол сияқты Мәскеудегі ұстаздарымды да ерекше айта кетуге тиіспін. Солардың ішінде сол кездегі одақтағы жаратылыстану фило-софиясымен айналысқан, бірден - бір атақты ғалым, профессор И.В.Кузнецов осы саладағы алғашқы аяқ алысымен зор ықпал еткен адам. Менің Мәскеудегі аспирант кезімдегі ғылыми жетекшім болатын. Сондай - ақ Э.В.Ильенков, Б.М.Кедров, В.С.Гот, В.С.Тюхтин, Г.И.Рузавин, В.А.Лекторский, В.С.Степин секілді көрнекті ғалымдардың алдын көру философиядағы өз жолымын қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Аспирантураны ойдағыдай қысқа мерзімде тамамдағаннан кейін 1969 жылдың 24 желтоқсан күні Москва қаласында «значение принципа соответствия для раскрытия природы истины в математике» деген тақырыпта диссертация қорғап, философия ғылымының кандидаты деген ғылыми атаққа ие болдым.

Содан кейін арада он жыл өткенде 17 қаңтар 1975 жылы «Диалектикологические принципы синтеза и развитие математического знания» деген тақырыпта диссертация қорғап, философия ғылымының докторы атандым.

Мен білім мен ғылымда үздіксіз елу жылдай еңбек етіп келемін. Осы жылдары 600-ден астам ғылыми жұмыстар, қырықтай кітаптар жарияладым. Олардың ішінде 75-тен астамы әлемнің жырма бес тілінде Ресейде, АҚШ-та, Қытайда, Германияда, Түркияда, Иранда, Вьет-намда, Тәжікстанда, Белоруссияда, Украинада, Болгарияда, Польшада, Венгрияда және тағы басқа елдерде жарық көрді. Менің ғылыми жетекшілігіммен көптеген кадрлар диссертациялар даярлап, философия, социология, мәдениеттану, саясаттану бойынша халықаралық танымал ғылыми мектеп құрдым.

1997-2003 жылдары тәуелсіз елдің «Қазақстан» аттыұлттықэнциклопедиясындаярауламақсатында Қазақэнциклопедиясыныңбас редакторы қызметінде «Философия және саясаттану» институтының директорлығымен қоса атқардым. Егемен елдің ұлттық энциклопедиясының алғашқы төрт томы менің ғылыми басшылығыммен және тікелей қатысуыммен жарық көрді.

«Мәдени мұра» (2004-2006, 2007-2009 ж.ж. 2010- 2012 ж.ж.) стратегиялық ұлттық жоба бойынша 20-томдық «Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», 10-томдық Әл-Фараби шығармалар жинағы менің ғылыми басшылығыммен және тікелей қатысуыммен тұңғыш рет жарық көрді. Сөйтіп, егемен қазақ елінің өзіміздің мемлекеттік тілімізде 50-томдық философиялық мұрасы өмірге келді.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық



университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар университетінде, «Қайнар» университетінде осы уақытқа дейін кафедра меңгерушісімін.

Қытай Халық Республикасының Ухань қала-сындағы Хуажон ғылым және технология уни-верситетінде, М.В.Ломоносов атындағы Мәс-кеу мемлекеттік университетінде, Францияның университеттерінде,Түркияның Анкара универ-ситетінде лекциялар оқыдым, диссертациялық жұмыстарға ғылыми жетекшілік жасадым.

Философия саясаттану және социология мамандықтары бойынша Қазақстаннан, Ресейден, Түркиядан, Оңтүстік Кореядан, Ираннан, Қырғыс-таннан, Өзбекстаннан 1965-2010 жылдар арасын-да менің ғылыми жетекшілігіммен 100 кандидаттық және 60 докторлық диссертациялық жұмыстар қорғалды.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне ар-налған «Қысқаша философия тарихы», «Фило-софия», «Социология», «Саясаттану», «Шығыс философиясы», «Батыс философиясы» сияқты оқулықтар мен хрестоматиялар дайындауға басқа ғалымдармен бірге қатысқанмын.

III

Ғұлама ғалым Әбдімәлік Нысанбаев Қорқыт Ата университеті түлектерінің ішінен кеңестік дәуір кезінде шыққан тұңғыш академик. Ол 17 сәуір 1989 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі болып сайланған еді.

Оның ғылым саласындағы еңбектері өзі-нің бағасын алды да. Мәселен, 1974 жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, 1980 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 1998 жылы Президенттің «Бейбітшілік және рухани келісім» сыйлығының, 2000 жылы Халықаралық түркі әлемі сыйлығының лауреаты атағына ие болды. 1994 жылы Қазақстанның ғылым және техника саласының қайраткері атанды.

Ыбырай Алтынсарин атындағы медальмен, Абылайхан атындағы, Мұстафа Шоқай атындағы, Түркияның Джалаладин Рулис атындағы алтын медальдармен марапатталған.

Ол Қазақстан Ассамблея кеңесінің мүшесі, Қызылорда, Атырау қалаларындағы және Қытайдағы Хуажон университеттерінің құрметті профессор, сондай-ақ, Қызылорда қаласының, Алматыдағы Медеу ауданының, облыстағы Сыр-дария және Қармақшы аудандарының Құрметті азаматы болды. Халықаралық информатизация академиясының, Ресейдің жаратылыстану акаде-миясының академигі болып сайланды.

Қазақ ССР-нің «Құрмет грамотасымен», «Тәуелсіздіктің 10 және 20 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» медальда-рымен және «Парасат», «Достық» орденімен марапатталды.

Сан ғасырлық тарихы бар Сыр сұлейлерінің елі – Сыр топырағының түлегі Әбдімәлік Нысанбаев тек Сыр өңірінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының мақтан тұтар ғұлама ғалымы десек те артық айтқандық болмас. Жалпы Әбдімәліктің отбасын ғалымдар отбасы деуге болады. Мәселен, жұбайы Зейнеш химия ғылымының кандидаты, баласы Назар заң ғылымының кандидаты, қызы Динара философия ғылымының кандидаты, немересі Шыңғысхан экономика ғылымының кандидаты. Бұл мақаланы Қорқыт Ата атындағы университеттің құрдасы Әбдімәлікке арнап жазу достары атынан менің үлесіме тиген еді.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ
Қазақстан журналистер одағы және
Халықаралық жазушылар одағының мүшесі,
Қызылорда облысының Құрметті ардагері,
Түлт ардагері,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

БАЛА ҚАҮІПСІЗДІГІ — БАСТЫ НАЗАРДА

Зерентай лагерінде өрт және судағы қауіпсіздікке арналған алдын алу іс-шарасы өтті.

Қызылорда қаласы Төтенше жағ-дайлар басқармасының бастамасымен “Зерентай” жазғы демалыс лагерінде балалардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған ауқымды алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараға келесі қызмет өкілдері қатысты:

- Құтқару қызметі
- Өрт сөндіру бөлімінің мамандары
- Апаттар медицинасы орталығының қызметкерлері
- Төтенше жағдайлар басқармасының мамандары

Негізгі назар өрт қауіпсіздігіне ауда-рылды. Балаларға өрттің пайда болу себептері, дұрыс әрекет ету тәртібі, өрт кезіндегі эвакуация жолдары мен алғашқы көмек көрсету тәсілдері түсіндірілді.

Сонымен қатар:

- Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері;
- Алғашқы медициналық көмек көрсету;
- Құтқару құралдарымен таныстыру және тәжірибелік көрсетілімдер ұйымдастырылды.

Мақсат:

- Балаларға қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру;
- Өрт пен төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету дағдыларын үйрету;
- Құтқарушы, өрт сөндіруші, медицина мамандығына қызығушылықты арттыру.

Бұл іс-шара – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам. Осындай тәжірибелік оқыту арқылы балалардың да, ата-аналардың да төтенше жағдайлардағы сауаттылығы арта түседі

Муса Алиасқар Өсетұлы
Қызылорда қаласы ТЖБ бас
маманы азаматтық қорғау аға
лейтенанты

ЭЛЕКТРОСАМОКАТ – ЫҢҒАЙЛЫ, БІРАҚ ҚАҮІПТІ БОЛУЫ МҮМКІН

Қазіргі таңда қала тұрғындары арасында электросамокаттарға

деген қызығушылық артуда. Бұл заманауи көлік құралы экологияға зиян келтірмей, жылдам, әрі ыңғайлы жүруге мүмкіндік береді. Алайда, соңғы уақытта республика көлемінде электросамокаттардың өртке орану жағдайлары жиілеп барады. Осыған байланысты Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуде.

Өрттің басты себептері – сапасыз батареялар мен дұрыс емес зарядтау. Электросамокаттағы аккумулятор – аса қауіпті бөлік. Қауіпсіздік техникасын сақтамай, самокатты ұзақ уақыт бойы токқа қосып қою немесе сапасыз қуаттағыштарды пайдалану техника қызын кетіп, өртке әкелуі мүмкін.

Көлік тұрған жерге оттың жайылу қауіп жоғары.

Қызылорда облысының ТЖ департа-менті тұрғындарды мынадай қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырады:

- Электросамокатты тек арнайы, сертифицикаталған қуаттағышпен зарядтау;
- Зарядтау кезінде құрылғыны қараусыз қалдырмау;
- Электросамокатты тұрғын үйлердің кіреберісінде, баспалдақ алаңдарында және эвакуациялық шығу жолдарына қоюға тыйым салынады;
- Батареяның қызып кетуі немесе иіс сезілген жағдайда дереу қуат көзінен ажы-ратып, қауіпсіз орынға шығару керек.

Тұрғын үйлерде өрттің алдын алу – әр азаматтың міндеті. Эвакуациялық жолдардың жабылуы, жанып жатқан

самокаттан шыққан түгін – адам өміріне үлкен қауіп төндіреді. Сондық-тан ТЖД қызметкерлері пәтер иелері кооперативтерімен, тұрғын үй басқармаларымен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жадинамалар таратып, профилактикалық рейдтер өткізуде.

Қауіпсіздік – өз қолымызда! Электросамокатты пайдаланған кезде тек ыңғайлылыққа емес, қауіпсіздікке баса мән берген жөн. Қызылорда облысының ТЖ департаменті тұрғын-дарды жауапкершілікке шақырып, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігін ескертеді.

Өрт – алдын алуға болатын апат.
Саңғылбаев Шалқар Серікұлы
Қызылорда қаласы
ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау
аға лейтенанты

“ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ” – “ШАПАҒАТТЫҢ” ҚАМҚОРШЫСЫ

Қазалы ауданындағы мүмкіндігі шектеулі жасөспірім балалардың қамқоршысы болып келе жатқан “Шапағаттың” аты бүгінде шартарпақа тарап кетті десе де болады.

1995-ші жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы бағдарламасы аясында алғашқылардың бірі болып Үкіметтік емес ұйым ретінде құрылған “Шапағаттың” қазалылық тұрғындарға қызмет көрсете бастағанына да отыз жыл уақыт болыпты. Осы отыз жылдың 24 жылы “ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз” компаниясының тікелей қамқорлығында екен.

Мүмкіндігі шектеулі жандар қазалылықтардың 4%-дан астамын құраса, соның арасында ерекше қажеттілігі бар балалар үшін сауықтыру, оңалту орталығы болып отырған “Шапағаттың” күні бүгінге дейін халыққа қызмет көрсетіп отырғандығы, расында да аймағымыздағы ірі мұнай компанияларының бірегейі “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” арқасы десек, артық айтқандық емес.

24 жылдан бері әрдайым “Шапағаттың” қаржылай демеушісі болып, одан бөлек мұндағы балаларға мереке сайын сый-сияпат жасайтын компания “Балаларды қорғау күні” мерекесінде де “шапағаттықтардың” жанынан табылып, оларға тәттілер салынып арнайы қалтамен бірге, тұрмыстық заттар да сыйлады.

Мерекелік салтанат өтетін залға жиналған балалар өздерін арнайы құттықтап келген компания өкілдеріне жымия қарап, өз ризалықтарын білдірде. Олар қайсыбір мерекеде болмасын ұмытпай, өздеріне көңіл аударатын компанияға алғыс ретінде өлең айтып, би билеп, баян тартып қолдан келгенше, мүмкіндіктеріне қарай өз өнерлерін көрсетуде.

“Шапағаттық” балалардың мерекесіне арнайы келген “ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз” акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары Тұмар

нығайтуға бағытталған іс-шаралар жүргізіледі. Соған компания тарапынан қажеттілігіне орай балаларды оңалтуға қажетті құрал-саймандарын және басқа да қажетті заттарын

тек жақсы атты көрініп, елден бір ұпай жинап қалу үшін емес, шын мәнінде “шапағаттықтарға” деген шын жанашырлығының, тұрақты қолдауының айғағы. Осы уақытқа

компаниясына айтар алғысы айрықша.

«Шапағат» сауықтыру орталығының президентін Шынар Жеңсікбаева:

– Биыл «Шапағат» орталығының құрылғанына 30 жыл толғалы тұр. Осы уақыт аралығында біздің орталықтан 600-ге жуық ерекше қажеттілігі бар балалар тәрбиеленіп шықты. Біздің орталыққа 2001 жылдан бастап “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” АҚ-ы қаржылай көмек жасап келеді. Осы компания қолдауымен 69 бала арнаулы және арнайы мектептерге республика көлемінде жіберілді. Қазіргі таңда 2 топта 25 бала тәрбиеленуде. Сонымен қатар орталықта үнемі компания басшылығы қызметкерлерінің қолдауымен мерекелер атап өтіледі. Қазіргі таңда “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” компаниясынан бөлінген қаржы қызметкерлеріміздің жалақысына, аппараттарды жалға алу және коммуналдық шығындарға жұмсалады. Әрдайым жанымыздан табылатын, бізге қамқор “ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз” компаниясына үлкен рахметімізді айтамыз. Бізге жасап жатқан әрбір қайырымды ісі, жақсылықтары компанияға мың еселеп қайтсын. Балаларымыз еш уақытта ауырмасын» - деді Шынар Жеңсікбаева.

“ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз” компаниясының бұл жолғы мерекеде де ыстық ықыласпен жасалған сый-сияпаты, ең бастысы қамқорлығы балалармен қатар олардың ата-аналарына да қуаныш сезімін сыйлады. Компания атынан кішкентай бүлдіршіндерге жастықтар мен төсек жаймалары және тәттілер таратылды.

Мереке әсерінен жүздері бап-бұл жанған балаларына қарап аналары да маз...



Шалбаева құттықтау сөз сөйлеп, мерекелік салтанатты ашып берді.

– «ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз» АҚ-ы 2001 жылдан бері Қазалы ауданындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Шапағат» оңалту орталығына демеушілік көрсетіп келеді. Жыл сайын 22 млн. теңге қаржы бөлінеді. Дәстүрлі түрде мерекелерде балаларды құттықтауға келіп жатамыз. Бұл оңалту орталығында мүмкіндігі шектеулі балалар болғаннан кейін осы балаларды өмірге бейімдеуге, денсаулықтарын

алып беруге жұмыс жасап келе жатырмыз. Балаларға деген көмегімізді, әріптестігімізді жылдар бойы жалғастырып келе жатырмыз. Жаңақорған ауданында да аз қамтамасыз етілген балаларға арналған балабақша бар, соған да демеушілік жасаймыз» - деді Тұмар Шалбаева.

Бір ата-өтерлігі “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” компаниясының өзіндік ерекшелігі – тұрақты қолдау көрсететіндігі. Өрине, жылдар бойы орталықтың шығынын көтеріп отыру – компания қайырымдылығының

дейін 600-ден астам баланың қоғамға, қалыпты жағдайға қосылуына көмектескен “Шапағат” сауықтандыру орталығының тұрақты жұмыс істеп келе жатқандығы компанияның тұрақты қолдауының нәтижесі екендігі анық.

Бүгінде Қазалы ауданында 500-ден аса 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар болса, соның ішінде іс-қимылы бұзылған, және есте сақтау қабілеті нашарлаған балаларды сауықтырып, оларды қоғамға бейімдеп отыру “Шапағат” сауықтыру орталығының да “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз”

ВАУЧЕР – БАЛАҒА ТІКЕЛЕЙ БЕРІЛЕТІН ҚАРЖЫ

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ғалия Байсынова:

- Балалардың спорт, өнер және қосымша білім алу мүмкіндіктерін жақсарту мақсатында 2025 жылдың 1 маусымынан бастап бірінғай ваучер жүйесінің пилоттық жобасы іске қосылды. Бұл жоба еліміздің алты қаласында - Астана, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау және Қызылордада жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда мемлекет балалардың үйірмелер мен секцияларға қатысуына қаржылай қолдау көрсетуде. Алайда жүргізілген бақылаулар кезінде кейбір кемшіліктер байқалды. Мысалы, балалардың шын мәнінде қатыспауы, немесе сабақтардың санитарлық талаптарға сай келмеуі сияқты жағдайлар орын алған. Бұл қаржыны тиімді әрі дұрыс пайдалану үшін қолайсыз жағдайлар туғызды. Осы мәселелерді шешу үшін жаңа цифрлық жүйе енгізіледі. Енді ваучерлер тікелей балаға беріледі, яғни қаржыландыру нақты балаларға бағытталады. Бұл ата-аналарға балаларына ең қолайлы үйірме немесе секцияны таңдауға мүмкіндік береді. Платформа балалардың сабаққа қатысуын нақты тіркеп, қаржыны ашық әрі тиімді жұмсауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, балалардың жас ерекшелігі мен отбасының жағдайына қарай кезек әділ реттеледі. Жаңа жүйе мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарды біріктіріп, қызмет көрсету сапасын арттырады. Үйірмелер мен секцияларда санитарлық талаптар мен қауіпсіздік шаралары қатаң сақталады, сондай-ақ кәсіби мамандар жұмыс істейді. Бұл жоба балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған маңызды бастама болып табылады.

Облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Серік Жұматов:

- Бірінғай ваучер жүйесін енгізу - балалардың спортпен шұғылдану мүмкіндіктерін кеңейтіп, қаржыландырудың ашық әрі әділ жүргізілуін қамтамасыз ететін маңызды бастама. Бұл жоба спорт секцияларына, үйірмелерге балалардың еркін қатысуына жағдай жасап, олардың спортқа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен бірге, қаржы нақты спортпен айналысатын балаларға бағыттталып, ресурстар тиімді жұмсалады. Жаңа жүйе спорт саласының дамуына серпін беріп, балалардың денсаулығы мен физикалық дайындығын нығайтуға мүмкіндік береді. Облысымыздың спорт инфрақұрылымын жетілдіруде бұл жоба ерекше рөл атқарады. Біз бұл бастама арқылы балалардың жан-жақты дамуына және спорт мәдениетін қалыптастыруға үлкен үлес қосатынымызға сенімдіміз.

Ескерте кететін жайт, үйірмеге қатысушылар саны 100-ден асқан жағдайда террористік тұрғыдан осал объекті ретінде танылып, арнайы құжаттары мен құрылғылары болуы шарт. Сондай-ақ, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және өрт сөндіру департаментінен қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында құжаттарды заң жүзінде рәсімдеу міндеттеледі. Осылайша үйірмелер мен секцияларда санитарлық талаптар мен қауіпсіздік шаралары қатаңдалады.

Басы 1-бетте

«Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау КЕСТЕСІ

р/с	Басшының аты-жөні	Лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті М.Көкенов көшесі №44 мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде **22-3-24 сенім телефоны** жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

СУДЬЯЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Судья мен сот қызметкері күніне орай, Қызылорда облыстық сотында салтанатты шара өткізілді. Шараны Қызылорда облыстық соты төрағасының міндетін атқарушы, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжанов ашып, сот жүйесі мемлекеттік биліктің маңызды тармағы болып табылатынын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі екенін айта келіп, сот жүйесінің жетістіктеріне тоқталып, сот ұжымын мерекемен құттықтады.

Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің басшысы С.Сүлеймен өз сөзінде бұл күн сот жүйесі өкілдерінің табанды қызметіне көрсетілген құрметтің белгісі екенін атап өтті.

Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Б.Елшібеков судьялар мен сот қызметкерлерінің қоғамдағы заң үстемдігін, тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі рөліне тоқталды.



Шара барысында Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ө.Шығамбаев «Судьялар Одағының Құрметті мүшесі» төсбелгісімен, Қызылорда облыстық сотының судьясы А.Есдаулетов «Үш би» төсбелгісімен, Қызылорда облысының мамандандырылған экономикалық сотының судьясы С.Өмірсерікова «Жеті жарғы» төсбелгісімен марапатталды.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы С.Жаппасбаев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы А.Изтелеуова Жоғарғы Сот төрағасының Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалі Сот Әкімшілігінің Қызылорда облыс бойынша Департаменті басшысының орынбасары Е.Берібаева, «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» төсбелгісі Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің қаржы бөлімінің бас маманы Л.Төлебаеваға, «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісі Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмысы жөніндегі тобының бас маманы Т.Райымбековке, Қызылорда қалалық сотының бас маманы Л.Бахтияроваға, Арал аудандық сотының аға сот приставы Қ.Баймағанбетовке табысталды.

Бірқатар судьялар мен мамандар ҚР Судьялар Одағының, Сот Әкімшілігі басшысының, Қызылорда облыстық соты төрағасының, Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті басшысының, Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы төрағасының Құрмет Грамотасы мен Алғыс хаттарына ие болды.

Сонымен қатар Батыс аймағы бойынша Ақтөбе қаласында өткен Судьялар Одағының ХІ спартакиадасында Қызылорда облысы командасының құрамында нәтижелі өнер көрсетіп, команданың үздік үштіктің қатарынан көрінуіне елеулі үлес қосқан судьялар мен мамандар Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы төрағасының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Салтанатты шара мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі